

Х А Т Т А М А

Арал қаласы

27 шілде 2026 жыл

«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2026 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының директоры - Е. Әмиша

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж.Исмагулов - Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы
2. И. Қапаров - Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры өндірістік бөлімше басшысының міндетін атқарушы
3. А.Алтайұлы - Арал қаласы әкімінің орынбасары
4. Ж. Жұқабаев – Әскери ардагер көше комитетінің төрағасы

Арал қаласындағы жеке және заңды су тұтынушылары – 43 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың 1-жартыжылдығында атқарылған жұмыстарының есебі

(Баяндамашы: Бөлімше басшысының м.а. – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының директоры - Е. Әмиша тыңдауды ашып баяндамашы бөлімше басшысы И. Қапаровқа сөз берді. И. Қапаров өз кезегінде төмендегіше баяндама жасады.

“Қазсушар” Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының “Сыр суы” филиалының «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде 43 насос стансасы, 28 дана су ұңғымасы, 1577,3км су құбыры желілері, оның ішінде 739,7 шақырым магистральды су құбырлары және 837,692 ішкі су тарату желісі, магистральды су құбырлары бойында 1590 дана бақылау құдықтары және ішкі су тарату желілері бойында 4405 дана бақылау құдықтары арқылы Арал ауданының 49 және Қазалы ауданының 22 елді мекендерінің 165 мыңға жуық тұрғындарын, Арал ауданындағы шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де 600 мекемелерді ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

Сонымен қатар жаңадан іске қосылған Қосаман – Ақбасты 117,295 шақырым магистральды су құбырымен Ақбасты елді мекенің 8,355 шақырым ішкі су желілеріне, Жақсықылыш – Тоқабай 39,12 шақырым магистральды су құбыры арқылы Тоқабай елді мекенің 15,91шақырым ішкі су желісі,Тоқабай – Абай 49,9 магистральды су құбыры мен Абай елді мекенінің 32,84 шақырым ішкі су желісі арқылы ауыз су берілуде.

Тоқабай – Абай магистральды су құбыры бойынан ПК159 Ерiмбетжаға 23,7 шақырым магистральды және iшкi су құбыры арқылы Ерiмбетжаға елдi мекенiне ауыз су берiлуде

Жалаңаш – Тастүбек 30 шақырым магистральды және iшкi су желiсi арқылы Тастүбек елдi мекенiне ауыз су берiлуде.

Өндiрiстiк бөлiмшеде 298 жұмысшы-қызметкер, 24 дана техника жұмылдырылған.

2026 жылдың 22 мамырынан бастап №26-НҚ бұйрығы негiзiнде тариф 661,33теңгеден 827,93 тенгеге көтерiлдi. Жеке тұрғындар үшiн ауыз су бағасы 30 теңгеден 70 теңгеге өссе, су өлшеуiш құралынсыз пайдаланатын тұтынушыларға 40 теңгеден 120 тенгеге өсiп отыр. Жұмысшы – қызметкерлердiң айлық жалақылары маусым айынан бастап 20 пайызға көтерiлдi.

Сонымен қатар өндiрiстiк бөлiмшенiң техникалық базасын нығайту мақсатында бөлiмшеге 2 дана КАМАЗ Эксковатор, КАМАЗ ПАРМ, Газель Соболь, және ГА33309 арнайы техникаларымен жабдықталды.

2026 жылдың I-шi жарты жылдығында Қосаман бас су тоғанынан **1 601 176,33** текше метр ауыз су өндiрiлiп, Арал және Қазалы аудандарына **1 547 178,987** текше метр ауыз су таратылды. (Су шығыны 53 997,35м³ 3,37%)

Оның iшiнде Арал ауданына **804 002,028** м3 ауыз су тұтынушыларға таратылды.

Өндiрiстiк бөлiмше Арал ауданының 49 елдi мекенiнiң 15179 абонентiн (85626 адам) оның iшiнде Арал қаласында 8103 абонент, Жақсықылыш кентiнде 875 абонент, Сексеуiл кентi 2358 абонент және елдi мекендер бойынша 3843 абонентiн тұрақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етедi. Арал ауданы бойынша су есептегiш құралымен су iшiп отырған абонент саны 15063, көше колонкасынан су тұтынушылар саны –99 және арнайы су таситын автокөлiкпен қамтамасыз етiлетiн тұтынушылар саны – 17 абонент. Мекеме саны 670дана.

Тұрғындар үшiн төлемдi жеңiлдету қолма қол алыс - берiсжағдайында күмәндi жағдайларды болдырмау мақсатында КАСПИЙ мобильдi қосымша арқылы төлем жасау функциясы енгiзiлдi. Бұл дегенiмiз кез келген уақытта кез келген жерде төлем жасау және сол мезетте төленетiн сумма мекеменiң есеп шотына енгiзiлуiн қамтамасыз етедi.

Бұл қосымшада су төлемiнен бөлек жеке және заңды тұлғаларда 14 сервистiк қызмет түрлерi бойынша төлем жасауға болады.

Ауыз суды үнемдеу бойынша.

Ауыз суды үнемдеу мақсатында Арал қаласы және елдi мекендер бойынша бiрнеше рет РЕЙД жұмыстары ұйымдастырылып нәтижесiнде ауыз суды заңсыз пайдаланып отырған 3 жеке және 1 заңды тұлғаларға қолданыстағы заң аясында айыппұлдар салынды.

2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшiне енетiн Су кодексi бойынша 18 бабында су пайдаланушы құқықтары мен мiндеттерiнiң 1 тармағы 9 тармақшасында көрсетiлген мемлекеттiк органдарға су ресурстарын пайдалану туралы анық және толық ақпаратты ҚР заңнамасында белгiленген нысан бойынша уақытылы беруге мiндеттi. Су пайдаланушы өнеркәсiптiк су тұтынушыларға су беру бойынша қызметтер көрсеткен жағдайда, су ресурстарын пайдалану туралы ақпаратта айналымды және кайталама сумен

жабдықтау жүйелеріне суды пайдалану көлемдері жөнінде мәліметті көрсетеді және 10 тармақшада су үнемдеу технологияларын, суарудың прогресивті техникасын, айналымды және қайталама сумен жабдықтау жүйелерін ендіруге шаралар қабылдауға судың өнімсіз ысырабын көлемін азайтуға міндетті делінген. Осыған байланысты Арал ауданындағы кәсіптік мақсатта пайдаланып отырған тұтынушыларға қайталама су көзін пайдалану бойынша ескертпе хаттар беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бекітілген кестеге сәйкес Арал қаласы, Жақсықылыш кенті, Сексеуіл кенті, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар жүйелі түрде барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына технологиялық құбырларға техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

Өрт гидранттарына Аудандық өрт сөндіру бөлімімен бірлесіп көктемгі тексеру жұмыстары жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жасалып, нәтижесінде анықталған кемшіліктер жойылды.

Өзге қызмет түрлері бойынша есебі.

2026 жылдың І-ші жарты жылдығында жылы өзге қызмет бойынша атқарылған жұмыстар нәтижесінде бөлімшеге **12 070680** тенге қаржы түсірілді. Атап айтқанда:

- Су есептегіш құралының жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - **641 дана**,

- Су есептегіш құралының заңды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - **83 дана**,

- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату - **171 дана**.

- Заңды тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату **34 дана**

- Жеке және заңды тұлғалардың су есептегіштеріне пломбаорнату – **252 дана**

- Жеке және заңды тұлғаларға қайта пломба орнату – **1065 дана**

- Жеке тұлғаларды техникалық келісім-шартқа отырғызу – **2475 дана**

- Заңды тұлғаларды техникалық келісім – шартқа отырғызу – **58 дана**

- Жеке тұлғалардың су құбырына қосылуы(врезка) - **123 дана**

- Заңды тұлғалардың су құбырына қосылуы(врезка) - **31 дана**

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.

- 026 жылдың І- жарты жылдығында өндірістік бөлімшеге қарасты магистральды су құбыры мен ішкі су құбырларында 153 ақау орын алып қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.
- Қосаман су көтеру насос стансасына баратын 10кВт әуе желісінде ауа райының қолайсыз болуына байланысты электр сымдары үзіліп, бағаналары қисайып апаттар орын алып, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.
- Қосаман 1 су көтеру ұңғымалары бойынша №4, №22 су ұңғымаларының су көтеру насостары жаңадан салынды және №28, №17 су ұңғымаларының ТП- лары ауыстыру жұмыстары жүргізілді.
- Бердікөл су көтеру насос стансасында д700мм, д600мм ашып жабу реттегіш арматуралары жаңадан орнатылды.
- Арал ауданы «Толағай» кен орнының жер асты су қоры Қазақстан Республикасының Пайдалы қазба қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясының 2009 жылдың 10 желтоқсанындағы №892-9-У хаттамасымен 15 жылға бекітілген. Хаттамада көрсетілген мерзім аяқталуына байланысты жоба – сметалық құжаттамалар әзірленіп «Толағай» кен орнының жер асты су қорын зерттеп қайта анықтау, жер асты су қоры кенішін барлау, бағалау мақсатында 5 ұңғыма қазылды
- Сексеуіл – Арал бағытындағы 1986 жылы салынып пайдалануға берілген ескі ТНГ 1000 су құбырының бойынан 18 ақау орын алған болатын. Жаз мезгілінде тұтынушыларды тұрақты қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылы құрылысы басталып Қосаман - Арал – Қазалы бағытындағы жаңадан жүргізіліп жатқан 710мм полиэтилен құбырдың 25 шақырымын ескі желіге қосып су беру жұмыстары атқарылып нәтижесінде жоғарыда аталған 18 ақауды жөндеу, жұмыстары жеңілдеп, жедел іске қосу жүзеге асырылып тұрақты ауыз су берілуде. Қалған 5 дана ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу, құбыр алмастыру жұмыстары жүргізілді.
- Арал – Аралқұм бағытындағы ТНГ800 су құбырының бойынан орын алған 3 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Аралқұм- Қамыстыбас аралығындағы ТНГ 800 магистральды су құбырлары бойындағы орын алған 4 ақауды темір листамен қаптап жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Бөген елді мекеніне су көтеру мұнарасының тозығы жетіп елді мекен тұрғындарын тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етуге кедергі болып тұрған ауыз су мұнарасын Арал ауданы әкімдігінің қолдауымен жаңадан ауыстырылып, тұрақты ауыз су берілуде.
- Тұтынушыларға ауыз суды жеткізу барысында бөлімшеге қарасты насос стансаларын 6 айда (4416346 кВт) электр энергиясы жұмсалды.

Ауыз судың сапасы бойынша атқарылған жұмыстар:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігінің 16.03.2015 жылғы №209 қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық –ауыз сумен жабдықтауға суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бөлімшеге қарасты нысандардан химиялық көрсеткіштер бойынша **4493** сынама, бактериологиялық көрсеткіштер бойынша **673** сынамалар алынды. Ауыз судың сапасы ҚР МемСТР-2874-82 стандартына сәйкес келеді.

Жоспарлы түрде аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына көктемгі жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Өндірістік бөлімшеде ақуал тұрақты, алдағы уақытта өзімізге жүктелген міндеттер атқара беретіндігін жеткізді.

Тыңдаудың төрағасы:

Е. Әмиша

Хатшысы:

Т. Турдиева

ХАТТАМА №9

Әйтеке би кенті
жыл

«27» шілде 2026

«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың I-жарты жылдық есеп қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: **Әмиша Ержан Шынтемірұлы** - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директоры

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. **Исмагулов Жасулан Жаркенович** - Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы
2. **Ешепетов Жасәділ Жетербайұлы** - Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шарушылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы.
3. **Жүсіп Жаңаберген Серікұлы** – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің бастығы.
4. **Алданазаров Талғат** - «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.
5. **Асанова Іңкәр**- Хатшы – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.
6. Бөлімшенің қызметкерлері
7. Ауыз су тұтынушы тұрғындар.
8. Көше комитетінің төрағалары.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2026 жылдың I-жарты жылдығында атқарылған жұмыстары туралы есебі. (Баяндамашы – бөлімше бастығы Ж. Жүсіп)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдауды - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директоры Әмиша Ержан Шынтемірұлы ашып жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімше бастығы Жүсіп Жаңаберген 2026 жылдың I-жарты жылдығында атқарылған жұмыстары мен бөлімшенің бүгінгі күнгі жағдайы бойынша баяндама жасады.

Баяндаманың негізгі бағыттары:

- **Ресурстар мен инфрақұрылым:** Бөлімшені қамтамасыз етіп отырған мамандар, техникалар, су нысандары және ауыз су тұтынушыларының есебі берілді.
- **Өндірістік және қаржылық көрсеткіштер:** Таратылған ауыз су көлемі, жиналған қаражат, су шығыны сандары келтірілді.
- **Цифрландыру:** Су есептегіш құралдарының көрсеткіштерін КПК (қалта әмбебап компьютері) құрылғысы арқылы фотофиксациялап, мәліметтер базасына енгізу барысы баяндалды.
- **Жөндеу жұмыстары:** Жоспарлы алдын-ала жөндеуге, орын алған ақауларды қалпына келтіруге және ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаржының есебі ұсынылды.
- **Өзекті мәселелер:** Бөлімшенің су нысандарындағы түйткілді сұрақтар сараланып, ағымдағы жылы атқарылуы тиіс міндеттер нақтыланды.

Сөз соңында: «Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар тиісті деңгейде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жалғасын табады», – деп атап өтті. Сонымен қатар, «әрбір тұрғынды ауыз суды үнемді пайдалануға, көрсетілген қызмет үшін уақытылы төлем жасауға, сондай-ақ инспектор-бақылаушылардың жұмысына кедергі келтірмей, өз міндеттерін адал орындауына жағдай жасауға шақырды. Кент, қала және ауылдық округ әкімдіктерімен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға қолдау білдірулеріңізді сұраймын», – деп баяндамасын қорытындылады.

Есепті тыңдаудың төрағасы Ержан Шынтемірұлы келесі сөзді «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы Алданазаров Талғатқа берді.

Алданазаров Т. есепті кезеңдегі бөлімшенің бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмыстары туралы толық мәлімет берумен аяқтады.

Жиналыстың төрағасы Әмиша Е. тыңдаушылардан: «сұрақтарыңыз, ұсыныс пікірлеріңіз бар ма, жауап берейік» - деп сұрады.

Қатысушылар тарапынан шығып сөйлеушілер болмағандықтан қорытынды сөзге көшті.

Қорытынды:

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың I-жарты жылдығы есебінде тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға келген қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты сағат 16⁰⁰ ден-17⁰⁰-ге дейін.

Есепті тыңдаудың төрағасы

Әмиша Е. Ш.

Хатшы:

Асанова І.

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті
2026 жыл

«27» шілде

«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың І-жарты жылдық есеп қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: **Әмиша Ержан Шынтемірұлы** - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директоры

Есепті тыңдауға қатысушылар:

9. **Исмагулов Жасулан Жаркенович** - Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы
10. **Ешепетов Жасәділ Жетербайұлы** - Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шарушылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы.
11. **Жүсіп Жаңаберген Серікұлы** – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалыөндірістік бөлімшесінің бастығы.
12. **Алданазаров Талғат** - «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.
13. **Ұзақбай Айзат**- Хатшы – «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.
14. Бөлімшенің қызметкерлері
15. Ауыз су тұтынушы тұрғындар.
16. Көше комитетінің төрағалары.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2026 жылдың І-жарты жылдығында атқарылған жұмыстары туралы есебі. (Баяндамашы – бөлімше бастығы Ж. Жүсіп)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдауды- «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директоры Әмиша Ержан Шынтемірұлы ашып жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімше бастығы Жүсіп Жаңаберген 2026 жылдың І-жарты жылдығында атқарылған жұмыстарымен бөлімшенің бүгінгі күнгі жағдайы бойынша баяндама жасады.

Баяндаманың негізгі бағыттары:

- **Ресурстар мен инфрақұрылым:** Бөлімшені қамтамасыз етіп отырған мамандар, техникалар, су нысандары және ауыз су тұтынушыларының есебі берілді.

- **Өндірістік және қаржылық көрсеткіштер:** Таратылған ауыз су көлемі, жиналған қаражат, су шығыны сандары келтірілді.
- **Цифрландыру:** Су есептегіш құралдарының көрсеткіштерін КПК (қалта әмбебап компьютері) құрылғысы арқылы фотофиксациялап, мәліметтер базасына енгізу барысы баяндалды.
- **Жөндеу жұмыстары:** Жоспарлы алдын-ала жөндеуге, орын алған ақауларды қалпына келтіруге және ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаржының есебі ұсынылды.
- **Өзекті мәселелер:** Бөлімшенің су нысандарындағы түйткілді сұрақтар сараланып, ағымдағы жылы атқарылуы тиіс міндеттер нақтыланды.

Сөз соңында: «Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар тиісті деңгейде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жалғасын табады», – деп атап өтті. Сонымен қатар, «әрбір тұрғынды ауыз суды үнемді пайдалануға, көрсетілген қызмет үшін уақытылы төлем жасауға, сондай-ақ инспектор-бақылаушылардың жұмысына кедергі келтірмей, өз міндеттерін адал орындауына жағдай жасауға шақырды. Кент, қала және ауылдық округ әкімдіктерімен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға қолдау білдірулеріңізді сұраймын», – деп баяндамасын қорытындылады.

Есепті тыңдаудың төрағасы Ержан Шынтемірұлы келесі сөзді «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы Алданазаров Талғатқа берді.

Баяндаманың негізгі бағыттары:

1.Өндірістік бөлімшенің жалпы қызметі

- * Қызметкерлер құрамы.
- * Қызмет көрсетілетін елді мекендер мен тұрғындар саны.
- * Су құбыры желілерінің ұзындығы және су көтеру нысандары.

2. Өндірістік көрсеткіштер

- * Өндірілген және таратылған су көлемі.
- * Су шығыны.
- * Жуу-шаю және көгалдандыруға жұмсалған су көлемі.

3. Қаржылық көрсеткіштер

- * Жеке және заңды тұлғалардан түскен қаражат.
- * Жоспардың орындалуы.
- * Қосымша қызметтерден түскен табыс.

4. Тарифтік өзгерістер

- * Халыққа арналған тарифтердің өзгеруі.
- * Заңды тұлғаларға арналған жаңа тарифтің енгізілуі.

5. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- * Жоспарлы алдын алу жұмыстары.
- * Санитарлық жуу-шаю және залалсыздандыру.
- * Су сапасын бақылау.

6. Апаттық жағдайлар және пайдалану

- * Апаттардың саны.

- * Қалпына келтіру жұмыстары.
- * Жанар-жағармай мен электр энергиясының шығыны.

7. Еңбек қауіпсіздігі

- * Қызметкерлерді арнайы киіммен қамтамасыз ету.
- * Еңбек қауіпсіздігі бойынша атқарылған жұмыстар.
- * Жазатайым оқиғалардың болмауы.

8. Реконструкция жұмыстары

- * Су тарату бекеттерін жаңғырту.
- * Насос агрегаттарын ауыстыру.
- * Магистральды және ішкі су құбырларын жаңарту.
- * Құдықтар мен инфрақұрылым салу.
- * Жобаның 100% орындалуы.

9. Қорытынды

- * Алты айлық жоспардың орындалуы.
- * Ағымдағы жылы атқарылуы тиіс міндеттер нақтыланды.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың нәтижесі. Алданазаров Т. есепті кезеңдегі бөлімшенің бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмыстары туралы толық мәлімет берумен аяқтады.

Жиналыстың төрағасы Әмиша Е. тыңдаушылардан: «сұрақтарыңыз, ұсыныс пікірлеріңіз бар ма, жауап берейік» - деп сұрады.

Қатысушылар тарапынан шығып сөйлеушілер болмағандықтан қорытынды сөзге көшті.

Қорытынды:

«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың І-жарты жылдығы есебінде тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға келген қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты сағат 16⁰⁰ден-17⁰⁰-ге дейін.

Есепті тыңдаудың төрағасы

Әмиша Е. Ш.

Хатшы:

Ұзақбай А. Ж.

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 30 шілде 2026 жыл

Өткізілген орны: Жаңақорған кенті, Адырбек Сопбеков атындағы кітапханасы

Өткізілген уақыты: 11:00

Тақырыбы: «Сыр суы» филиалының ауызсу тұтынушылары алдындағы 2026 жылдың I жартыжылдығы бойынша есеп беру жиналысы.

Қатысқандар:

М. Аралбаев;

Исмагулов Жасұлан Жәркенұлы - Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы «Сыр суы» филиалының қызметкерлері;

Жаңақорған кентінің тұрғындары.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сыр суы» филиалының 2026 жылдың I жартыжылдығындағы атқарылған жұмыстары бойынша есеп беру.

Жиналыстың ашылуы : Аудан әкімінің орынбасары Сапарбаев Қайрат. (1 сөз)

Сыр суы филиалының директорының орынбасары М. Аралбаев (2 сөз)

ТЫҢДАЛДЫ: 1.Талап-Сырдария өндірістік бөлімшесінің басшысы Мейрамбек Қабитенов (баяндама) 2. Дуйсенбиев Жомарт ЖТСҚ пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімше басшысының орынбасары филиалдың 2026 жылдың I жартыжылдығында атқарған жұмыстары, ауызсу жүйесінің жай-күйі, көрсетілген қызмет сапасы және алдағы жоспарлар туралы баяндама жасады.

Исмагулов Жасұлан Жәркенұлы табиғи монополиялар саласындағы талаптар мен тұтынушылардың құқықтары туралы түсіндірме берді.

Жиналыс барысында тұрғындардың сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныстары тыңдалды.

Тұтынушылардың сұрақтарына жауап беру.

Ұсыныстар мен пікірлерді тыңдау.

Тұтынушы, қызметкер Ақбергенов Нұржан : Майбекетіне ауыз су қашан беріледі?

ЖКХ басшысы Сүлейменов Нұржанның жауабы : Қазіргі таңда, құжаттары реттеліп жатыр, тамыз айының 15 іне дейін ауыз су беріледі деп сендіреміз.

Талап округі Бесарық станциясының әкімі Нұрсұлтан : Бесарық станциясы теміржол ауыз суынан тұтынған болатын. Қазір Сыр суы ауыз суынан тұтынады, бірақ кейде 1-2 сағат ғана ауыз беріледі. Ауыз су тапшылығы бар. Емкостьқа жинау үшін көп су кетеді, яғни айлық нормадан асып кетіп, по полный тарифке еніп кетіп жатырмыз. Енді ұсыныс, Бесарық станциясының халықына ауыз судың толық қанды жетуіне ықпал жасап, болмаса по полный тариф яғни 827,93 тгні алып тастап, 70 тг мен есептесе.

Жауап берген Сыр суы филиалы басшысының орынбасары М.Аралбаев : Ұсынысыңызды қабылдадық, алдағы уақытта осы бағытта жұмыстарды жүргізетін боламыз, ал жаңағы по полный тарифке байланысты сұрағыңызға келсек, ол тарифті яғни заңда мемлекет қалыптастырғандықтан, біз оған ешқандай өзгеріс енгізе алмаймыз, бірақ ұсыныс тастап көреміз.

Ауыз су тұтынушы Мейірбеков Қуанышбек : Ауыз судың тарифтері қымбаттады, яғни осы ауыз су саласындағы қызметкерлердің айлықтарын толыққанды көтеріңіздер, олар күндіз түн демей, қара халыққа ауыз су тасымалдап отырғандықтан, сый, марапаттама бергендеріңіз дұрыс деп ойлаймын.

Жауап берген Сыр суы филиалы директорының орынбасары М.Аралбаев : Қазіргі таңда Антимонополия бізге жылына тек 20% қосуға мүмкіндік беріп тұр. Жыл сайын 20%, мүмкін болған жағдай да одан да көп процент қостыруға жұмыс жасап жатырмыз. Алла қаласа, 3 жылда Газ, Свет мекемелерінің орташа айлықтарына теңесетінін жеткізді.

Қызметкер Зарерова Қаламқас : Біздің Жаңақорған кентіндегі Алтыгранд ауыз суын неге өзіміздің Жаңақорған халқына тұтынуға бермейді? Қазіргі таңда неге тек Шалқия ЦИНК мекемесі ғана тұтынып отыр?

Жауап берген ЖКХ басшысы Сүлейменов Нұржан : Осыған дейін Алтыгранд ауыз суы СЭС тен тексерістен өткен кезде ауыз суға жарамсыз болып табылды. Жарамсыз болып табылғандықтан, оны Шалқия ЦИНК мекемесі өзіне тартып, шикізат өндіруге пайдаланып отыр. Қазіргі таңда, Алтыгранд ауыз суын тексерістен қайта өткізгенде, ауыз суы тұтынуға жарамды болып табылды. Бірақ бұл Алтыгранд ауыз суы Самрұқ меншігінде болғандықтан, біз қайта қара халықтың пайдалануына берулерін сұрап жатырмыз.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

«Сыр суы» филиалының 2026 жылдың I жартыжылдығы бойынша есебі назарға алынсын.

Тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстар мен ескертулер алдағы жұмыстар барысында ескерілсін.

Ауызсу қызметінің сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы: М.Аралбаев

Хатшы: Қ.Төлеков

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аудан тұрғындарына 2026 жылдың 6 (алты) айында атқарған жұмыстарының есебін беру.

Хаттамасы

Жосалы кенті

28 шілде 2026 жыл

**Жиналыс төрағасы: «Сыр суы» филиалының комплаенс-офицері
Адикенов Нұрболат**

Қатысқандар:

1. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы-Исмагулов Жасулан Жаркенович
2. Аудандық Мәслихаттың аппарат басшысы- Ж.Омаров
3. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастығы – Ә.Қаршыға
4. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженер –технологі Н.Мамырбаев
5. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженер-энергетигі – Н.Қыстаубаев
6. Бөлімше аға шебері – Б.Әбішев
7. Бөлімше жұмысшы қызметкерлері
8. Көше комитеттері С.Қосназаров, Е.Атабаев, А.Оразалиев
9. Аудан тұрғындары, ардагерлері

Күн тәртібінде: Өндірістік бөлімшенің 2026 жылдың жарты жылдық атқарған жұмыстары.

Жиналыс төрағасы Н.Адикенов – «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың алты айында атқарған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімшесінің бастығы Қаршыға Әділетке беріледі.

Бөлімше бастығы: Ә.Қаршыға – 01.01.2026-30.06.2026 жылдар аралығындағы нақты өндірілген ауыз су көлемінің есебі.

2026 жылы ІІІ-Интернационал елді мекеніндегі 5 ұңғымадан өндірілген су көлемі – 329167 м³ және ІІркөл елді мекеніндегі 1 ұңғымадан өндірілген су көлемі – 10957м³, таратылған су көлемі – 359250 м³, су шығыны 0,5% су көлемі- 4210,86 м³, нормативті ысырап су көлемі 9,15%– 61210м³, су шығыны нормативтен асқан жоқ.

2.Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі барлық су құбырларының және насос стансаларының, су тарату жүйелерінің техникалық жағдайы туралы мәліметтер. Барлық ұңғымалардың техникалық жағдайы, су өлшегіш құралдарының жұмыс жасайтыны, нақты бар жоқ екені туралы толық мәлімет.

Өндірістік бөлімше теңгеріміндегі магистралды су құбыры, ІІІ-Интернационал, Дүр Оңғар, ІІркөл, Төребай би елді мекендері мен Жосалы

кенті ішкі су жүйесінің және насос станцияларының техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

III- Интернационал елді мекеніндегі 5 ұңғыманың техникалық жағдайы жақсы, 3-уінің насосы жаңадан ауыстырылды. Ұңғымаларға қашықтан бақылайтын электронды су өлшеуіш құралдары орнатылды. 2023 жылы II-су көтеру насос станциясына УВР-ге қосымша жаңадан механикалық су есептегіш құралы орнатылған, жұмыс жасап тұр.

3. Алдын –ала жөндеу жұмыстары (ППР) бойынша бекітілген жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар және 6 (алты) айдың қорытындысы бойынша шикізат материалдар, қосалқы бөлшектер, жанар – жағармай бойынша жұмсалған қаражат көлемі

Алдын-ала жөндеу жұмыстары бойынша бекітілген жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар:

1. Бет плитасы ауыстырылаған көру құдық саны – 7 дана.
2. III-Интернационал елді мекенінде орналасқан 5 дана ұңғыманың барлығына д-100мм қайтарма клапандар орнатылды және №2 ұңғыманың 1 дана д-100мм задвижкасы ауыстырылып орнатылды.
3. Жаңажол және Иіркөл елді мекенінің трансформаторларына май құйылды.
4. Жосалы кенті Амангелді көшесі 1 дана құдықтың сынған люктің орнына жаңадан орнатылды.
5. Төребай би елді мекені №8 насос станция су мұнарасының қақтары тазартылды.
6. Жосалы кенті №5 насос станцияның жарық бағаналарының лампочкалары ауыстырылды.
7. Иіркөл елді мекенінде орналасқан III-су көтеру насос станцияның технологиыялық құбырдың шіріген бөліктері жаңартылды.
8. Жосалы кенті бойынша 152 үйдің су құбыры бойына техникалық күтім жасалып, сынған вентиль ауыстырылды және Тұрмағанбет көшесі 31, Жангельдин көшесі №24 және Құдабаев көшесі 19 үйлердің және «Аманат партиясы» мекемесінің су құбыры бойындағы згоны шіріп, қайта қазу жұмыстары арқылы згонын ауыстырып, қайта қалпына келтірілді.
9. Жосалы кенті Сексенбаев көшесі 16 үйге су құбыры кіргізілді.
10. Жосалы кенті бойынша 8 үйге водовоз тасымалымен орталық су мұнарасынан су жеткізілді.

2026 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша шикізат материалдардың қаражаты – 1354217,19 теңге, шаруашылық заттар – 5048 теңге, арнайы киімдер – 45323 теңге, химреагент – 314900 теңге, электро тауар – 742490,80 теңге, кеңсе заттары – 77923,50 теңге, автобөлшектер – 205200 теңге, жанар- жағар май – 2502483,86 теңге **Барлығы: 5247585,55 теңге.**

4. 2026 жылдың 6 айында

Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар

Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар: 3 мекеменің су есептегіші жаңадан орнатылды. 5 үйге және 2 мекемеге жаңадан су құбыры кіргізіліп, су есептегіш құралы орнатылды, құбыры орталық су құбырына қосылды және су есептегіш орнатылды. 214 жеке тұлға, 2 заңды тұлға су есептегіш құралдары ауыстырылды. Барлығы 416 пломба басылды. 403 үй және 9 мекеме келісім-шартқа отырғызылып, су құбыры бойына техникалық күтім жасалынды. Абоненттерден жөндеу жұмыстарға шақыру түсіп, вентильдері ауыстырылды, су кетіп тұрған жерлері қалыпқа келтірілді. Осы жұмыстардан барлығы **2025145** теңге қаражат түсірілді.

5. Барлығы 6 айда апаттық жағдай орын алып қалыпқа келтірілді – 79 дана

Оның ішінде: Жосалы кенті ішкі су құбырында – 58 дана, Төребай би елді мекеніне баратын магистраль құбыры бойында – 2 дана, Төребай би елді мекені ішкі су құбыры – 2 дана, III-Интернационал елді мекені ішкі су құбыры бойында – 4 дана, Иіркөл елді мекенінде орналасқан III-су көтеру насос станцияда – 3 дана, Иіркөл елді мекені ішкі су құбыры бойында – 5 дана, Жаңажол елді мекені ішкі су құбыры бойында – 3 дана, Жаңажол елді мекені ішкі су құбыры бойында – 2 дана және орын алған авариялық жағдайды дер кезінде қалпына келтіріліп, тұрғындарды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары атқарылды.

Тағы айта кететін жәйт суды ысырып етпеу мақсатында судың бағасы 30 теңгеден 70 теңгеге көтерілді. Дүкенде 1 литр судың бағасы 400 теңге, оның қасында 1 тонна судың бағасы 70 теңге болып бекітілгені халықтың қалтасына әсер етеді деп ойламаймын. Ауыз суды тек тұтынуға пайдаланып, аяқ су есебінде пайдаланбауыңызды сұраймын. Әлем бойынша келешекте су тапшылығы туындауы мүмкін. Болашақ өзіміздің ұрпағымыз үшін жер асты таза суымызды оңды-солды шашпай, ысырып етпейік. Сұрақтарыңыз болса жауап беруге дайынмын. Назарларыңызға рахмет.

Аудандық Мәслихат аппарат басшысы Ж.Омаров – Кайырлы күн! Аудан тұрғындары. Бүгінгі «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 6 айда атқарған жұмыстарының есебін тыңдауға келіп отырмыз. Атқарған жұмыстарына ешқандай айтар уәжім жоқ. Мына күннің ыстығында қаншама құдықты тазартып, қаншама үйдің шақырған кезінде барып қызметін көрсетіп жатса не айтамыз. Мысалы менің өзімнің үйімде су жақсы ағып тұр. Мен ойлаймын бұл мекемеде су жөнінде проблема жоқ деп. Егер жергілікті әкімшілік тарапынан көмек керек болса, айтуға атсалысамыз. Депутаттар бар. Жалпы менің су жайлы теріс пікірім жоқ.

Көше комитеті С.Қосназаров: Су ішіп отырмыз. Қызмет көрсетіп жүрген су мамандарына рахмет. Бірақ осы биыл жаз қатты ыстық болған соң ба осы шілде айының 1-2 аптасында су қысымы төмендеп кетті. Енді сіздерді кіналай алмаймын. Сұрастырып біліп отырмын. Халық аяқ су есебінде де падаланадау шамасы. Сол себепті болар. Жалпы судың халыққа берілуі жаман емес. Судан қиналып отырғанымыз жоқ. Жаздың артығымен айтқанда 1 айында яғни шілде айында насос арқылы болса да су ішсекте мейлі. Қалған 11 айда судың қысымы жақсы шүкір.

Жиналыс төрағасы Н.Адикенов: Басқа сұрақтарыңыз бар ма?

Көше комитеті Е.Атабаев: Иә, су тіршілік көзі, сусыз адамға өмір жоқ. Халыққа су жеткізіп беріп, әр тұрғынның көңілінен шығу да оңай емес. Шақырғанда келіп жатыр су мамандары. Вентильмізді ауыстырып беріп кетіп жатыр. Біздің аудандағы су қайта айтатындай проблема емес, керек кезде кез келген уақытта су ағып тұр. Теледидардан жаңалықтар бағдарламасынан қарап отырсаңыз ел көп су проблемасын айтып жатқан. Кейбір шет елдер, жақсы жағдайы деген елдердің кейбір аудандарында су жоқ. Уақытпен ғана беріледі. Оның қасында біз шүкір жақсымыз. Судың 30 теңгеден 70 теңгеге көтерілгені дұрыс. Судың бағасы өте арзан. Бәрі қымбаттағанда су әлі арзан. Судың қадірін білуіміз керек. Дүкеннен 1 литр әсемай суын алсаңда 300-400 теңге төлеп аласың.

Көше комитеті А.Оразалиев: Ешқандай сұрағымыз жоқ. Көшеміздегі тұрғындардың барлығына су ағып тұр, ешқандай проблема жоқ. Бөлімше бастығы Ә.Қаршығаның баяндамасын тыңдадық. Біраз жұмыстар атқарған екен. Жасап жатқан жұмыстарының жемісін жей берсін дегім келеді, мекеме ұжымына. Халықтың алғысына бөлене беріңіздер.

Жиналыс төрағасы Н.Адикенов: Құрметті су тұтынушылар. Көше комитеттері! Жиналысқа келіп қатысқандарыңызға рахмет. Енді жалпы су жайына келетін болсақ, өздеріңізге белгілі қандай мекеме болмасын 100 пайыз бәрі жақсы деп айта алмаймыз. Бір жағын жөндеп жатсаң екінші жағыңыз жөндеу жұмыстарын қажет етіп тұрады. Мысалы ретінде Сіздерге түсінікті болу үшін айтып жатырмын. Халыққа 24 сағат су беру үшін тоқтаусыз қызмет жасауымыз керек. Біз оны білеміз. Себебі филиал басшылары тек осы бір ауданның проблемасымен жұмыс жасамайды. Аралдан бастап Жаңақорғанға дейінгі аралықтағы барлық елді мекеннің сумен қамтылуы үшін қызмет көрсетеді. Мысалы: Сіздерде Жаңажол, Төребай би елді мекендердегі су мұнаралары тозығы жетіп, ауыстыруды қажет етіп тұр. III-Интернационал елді мекенінен 5 дана ұңғымадан су өндіріп Жосалы кентін және 4 елді мекенді қамтамасыз етіп тұр, ал ол ұңғымалардағы насостар бірінен соң бірі аяқ асты күйіп кетсе не болады, оған ауыстырып салып отыратын насостар алынып отыру керек. Бұлай айтып отырған себебім бәрі жақсы проблема жоқ деп отыру мүмкін емес. Бірінен соң бірі жұмыстар шығып тұрады. Осындай сияқты басқа да аудандарда да осындай мәселе бар. Жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылып жатыр. Астанада «Қазсушар» РМК жаңадан техникалар берді. Бірінші жалақы мәселесін шешкен жөн деп жұмысшы-қызметкерлердің жалақысын көтерді 20 пайыз. Материалдар енді бөлінеді, жұмыстар атқарылады. Судың уақытылы сапалы халыққа берілуі үшін жұмыстар атқарылады басшылар тарапынан.

Сөзімді қорытындылай келе су бәрімізге ортақ. Жергілікті әкімшілік тарапынан да қолдау білдіріп, халыққа ауыз суды тек ауыз су үшін пайдалануына, шілде айында уақытша болатын судың жетіспеушілігі кезінде халыққа түсіндірме жұмысын жүргізуге, бау-бақшасына су құбырын ашып тастамауына бізбен бірге атсалыссаңыздар екен дегім келеді. Басқа сұрақтарыңыз болмаса жиналыс аяқталды. Тыңдауға келгендеріңізге рахмет.

Қорытынды:

«Сыр суы» филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың 6 айлық жұмыстары қорытындысы бойынша

тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11:00ден 12:30ге дейін болды.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

Н.Адикенов

А.Шералиева

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 30 шілде 2026 жыл

Өткізілген орны: Жаңақорған кенті, Адырбек Сопбеков атындағы кітапханасы

Өткізілген уақыты: 11:00

Тақырыбы: «Сыр суы» филиалының ауызсу тұтынушылары алдындағы 2026 жылдың I жартыжылдығы бойынша есеп беру жиналысы.

Қатысқандар:

М. Аралбаев;

Исмагулов Жасұлан Жәркенұлы – Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы

«Сыр суы» филиалының қызметкерлері;

Жаңақорған кентінің тұрғындары.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сыр суы» филиалының 2026 жылдың I жартыжылдығындағы атқарылған жұмыстары бойынша есеп беру.

Жиналыстың ашылуы : Аудан әкімінің орынбасары Сапарбаев Қайрат.

Сыр суы филиалының директорының орынбасары М. Аралбаев

ТЫҢДАЛДЫ: 1.Талап-Сырдария өндірістік бөлімшесінің басшысы Мейрамбек Қабитенов (баяндама) 2. Дуйсенбиев Жомарт ЖТСҚ пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімше басшысының орынбасары филиалдың 2026 жылдың I жартыжылдығында атқарған жұмыстары, ауызсу жүйесінің жай-күйі, көрсетілген қызмет сапасы және алдағы жоспарлар туралы баяндама жасады.

Исмагулов Жасұлан Жәркенұлы табиғи монополиялар саласындағы талаптар мен тұтынушылардың құқықтары туралы түсіндірме берді.

Жиналыс барысында тұрғындардың сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныстары тыңдалды.

Тұтынушылардың сұрақтарына жауап беру.

Ұсыныстар мен пікірлерді тыңдау.

Тұтынушы, қызметкер Ақбергенов Нұржан : Майбекетіне ауыз су қашан беріледі?

ЖКХ басшысы Сүлейменов Нұржанның жауабы : Қазіргі таңда, құжаттары реттеліп жатыр, тамыз айының 15 іне дейін ауыз су беріледі деп сендіреміз.

Талап округі Бесарық станциясының әкімі Нұрсұлтан : Бесарық станциясы теміржол ауыз суынан тұтынған болатын. Қазір Сыр суы ауыз суынан тұтынады, бірақ кейде 1-2 сағат ғана ауыз беріледі. Ауыз су тапшылығы бар. Емкостьқа жинау үшін көп су кетеді, яғни айлық нормадан асып кетіп, по полный тарифке еніп кетіп жатырмыз. Енді ұсыныс, Бесарық станциясының халықына ауыз судың толық қанды жетуіне ықпал жасап, болмаса по полный тариф яғни 827,93 тгні алып тастап, 70 тг мен есептесе.

Жауап берген Сыр суы филиалы басшысының орынбасары М.Аралбаев : Ұсынысыңызды қабылдадық, алдағы уақытта осы бағытта жұмыстарды жүргізетін боламыз, ал жаңағы по полный тарифке байланысты сұрағыңызға келсек, ол тарифті яғни заңда мемлекет қалыптастырғандықтан, біз оған ешқандай өзгеріс енгізе алмаймыз, бірақ ұсыныс тастап көреміз.

Ауыз су тұтынушы Мейірбеков Қуанышбек : Ауыз судың тарифтері қымбаттады, яғни осы ауыз су саласындағы қызметкерлердің айлықтарын толыққанды көтеріңіздер, олар күндіз түн демей, қара халыққа ауыз су

тасымалдап отырғандықтан, сый, марапаттама бергендеріңіз дұрыс деп ойлаймын.

Жауап берген Сыр суы филиалы директорының орынбасары М.Аралбаев : Қазіргі таңда Антимополия бізге жылына тек 20% қосуға мүмкіндік беріп тұр. Жыл сайын 20%, мүмкін болған жағдай да одан да көп процент қостыруға жұмыс жасап жатырмыз. Алла қаласа, 3 жылда Газ, Свет мекемелерінің орташа айлықтарына теңесетінін жеткізді.

Қызметкер Зарерова Қаламқас : Біздің Жаңақорған кентіндегі Алтыгранд ауыз суын неге өзіміздің Жаңақорған халқына тұтынуға бермейді? Қазіргі таңда неге тек Шалқия ЦИНК мекемесі ғана тұтынып отыр?

Жауап берген ЖКХ басшысы Сүлейменов Нұржан : Осыған дейін Алтыгранд ауыз суы СЭС тен тексерістен өткен кезде ауыз суға жарамсыз болып табылды. Жарамсыз болып табылғандықтан, оны Шалқия ЦИНК мекемесі өзіне тартып, шикізат өндіруге пайдаланып отыр. Қазіргі таңда, Алтыгранд ауыз суын тексерістен қайта өткізгенде, ауыз суы тұтынуға жарамды болып табылды. Бірақ бұл Алтыгранд ауыз суы Самрұқ меншігінде болғандықтан, біз қайта қара халықтың пайдалануына берулерін сұрап жатырмыз.

Қорытынды:

«Сыр суы» филиалының 2026 жылдың I жартыжылдығы бойынша есебі назарға алынсын.

Тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстар мен ескертулер алдағы жұмыстар барысында ескерілсін.

Ауызсу қызметінің сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

М.Аралбаев

Б.Сейдуалиев

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің Х А Т Т А М А С Ы

Шиелі кенті

30 шілде 2026

жыл

«Сыр суы» филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы **2026 жылдың 6 айлық** қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: А. Сарсембаев - «Сыр суы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

Тыңдаудың төрағасы: М. С. Аралбаев - «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары, Бас инженер.

Хатшысы: Г. Есжанова - «Сыр суы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж. Ж. Исмагулов - ҚР ҰЭМ табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

2. Н. Е. Адикенов - Комплаенс-офицер.

3. Қ. Рахманбердіұлы - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.

4. Ж. М. Баядилов - «Шиелі аудандық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі.

3. Т. Охап - Ы. Жахаев елді мекенінің қоғамдық кеңес мүшесі, ардагер.

4. С. А. Абдраимов - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастығының орынбасары.

5. А. Н. Уразова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшенің есепшісі.

6. Д. Ж. Алтынбеков - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.

Тұрғындар: Шиелі кентінің тұрғындары және елді мекендерден келген ауыл тұрғындары.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Сыр суы» филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Шиелі кенті мен Шиелі ауданының **22** елді мекенінің - **15 762** үйіне, оның ішінде Шиелі кенті бойынша - **8205**, елді мекендер бойынша - **7 557** тұтынушыға ауыз су беріледі.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Сүттіқұдық елді мекеніне қарасты Бас саға арқылы ауыз суды өндіріп, Жаңақорған кенті мен Жаңақорған ауданының **7** елді мекеніне, сонымен қатар Шиелі кенті мен ауданның **22** елді мекендерге су жеткізіп отыр.

Аудан бойынша **27** насос станциясы, **23** дана су қыспақты мұнарасы, **148,35** шақырым бас су құбырлары, **363,4** шақырым ішкі су тарату желілерімен халыққа ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде барлығы - **213** жұмысшы - қызметкерлер, оның ішінде бөлімшенің топтық су құбыры бойынша - **143** қызметкер, «Көкшоқы» мөлтек ауданында - **18** қызметкер,

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде - **52** қызметкер жұмыс атқарады.

-2-

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі - **7** елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Бірлестік, М. Шоқай, 1 Мамыр, Майлытоғай, Тартоғай, Тұрсынбай датқа, Бұланбай бауы бойынша барлық елді мекендердің тұтынушылар саны - **7 761** тұтынушы, **1 358** абонент ауыз су тұтынады.

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесіне қарасты Көкшоқы мөлтек ауданының жалпы ауыз су пайдаланушы абонент саны - **1 358**, халық саны - **4 100** адам, су желісінің ұзындығы - **19,2** км. Кәріз су жүйесін пайдаланушы тұтынушылар саны - **675**.

Көкшоқы мөлтек ауданында оқшауланған **2** дана су ұңғымасынан ауыз су беріледі.

Ауыз су тұтынушыларды **24 сағат** ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында елді мекендердегі су мұнараларын түнгі мезгілге толтыру арқылы елді мекенге су беріледі.

Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі автокөліктер мен арнайы техникалардың саны - **18**, олардың техникалық жағдайы жақсы.

Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бекітілген ауыз су жеткізу қызметінің тарифі 2026 жылдың 01 қаңтарынан бастап **ҚҚС-мен-684,95** теңге, оқшау су бойынша - **620,52** теңге, сарқынды су тарифі **ҚҚС-мен - 67,16** теңгені құрады.

Алайда тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне жеңілдетілген тарифпен (**ҚҚС-мен - 30 теңгеден**) төлем жасалады. Бекітілген тариф пен жеңілдетілген тариф арасындағы айырмасы мемлекеттік бюджет есебінен субсидиялар түрінде төленеді.

Жоспарлы түрде көктемгі-сәуір айында, күзгі-қыркүйек айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Насос станцияларынан, су қоймаларынан айына - 1 рет, ұңғымалардан тоқсанына - 1 реттен сараптамалар алынады. 2025 жылы СЭС лабораториясы тарапынан судың сапасы жөнінде ешқандай ескертулер болған жоқ.

Тұтынушыларды **24 сағат** үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Қодаманов, Бидайкөл, Н. Бекежанов, Байсын, Ы. Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Ә. Тәжібаев, Бәйгекұм, Балаби, Алмалы елді мекендерінде, яғни 13 ауылда 8 ай бойы «**Байпасный линия**» арқылы ауыз су берілуде.

Жаз айларында ауыз су тапшылығы болуына байланысты № 3 су көтеру насос станциясынан Шиелі кентіне баратын d-400 мм су құбырынан алынған Ақмая елді мекеніне баратын d-225 мм ПЭ құбырына, Бидайкөл елді мекені насос станциясындағы су қоймасына баратын d-140 мм ПЭ құбырына 1К-20-30 су тарату (**повыситель**) қондырғы насосы орнатылу арқылы су жеткізіледі.

Алайда мәселені түпкілікті шешу үшін аудандық бюджеттен Сүттіқұдық пен № 3 НС Шиелі кенті арасындағы магистралдан Ақмая елді мекеніне жаңадан магистраль құбырын жүргізуге жоба-сметалық

құжаттамасы әзірленді. Жоба іске асқан жағдайда Ақмая елді мекенінің ауыз су тапшылығы мәселесі шешілетін болады.

-3-

Атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып кететін болсақ:

1. «Тақыркөл» бас су торабынан **№ 3 сорғы** станциясына дейін магистральді су өткізгішінің екінші желісін салу **1 млрд 932 млн** теңгенің құрылысының жобасы арқылы Шиелі ауданындағы барлық елді мекендерді (*Жаңақорған ауданының 7 елді мекенін*) үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы басталып, 2025 жылдың қаңтар айында қолданысқа берілді. Көкшоқы мөлтек ауданының тұрғындарының сұранысы бойынша дербес су көзі тоқтатылып, топтық су құбыры арқылы ауыз су беріліп отыр.

Жалпы жаз айларында ауыз судың жетіспеушілігі байқалады, оның бірден-бір себебі жаз айларында ауыз суды аяқ суға пайдаланудың салдарынан болып отыр. Күз-қыс айларында күніне **3500-4000 текше метр** су жеткілікті, ал жаз айларында **6500-7000 текше метр** су жеткіліксіз.

Мердігер мекеменің демеушілігімен Сүттіқұдық елді мекенінің су көтеру насос станциясына қажетті құрылыс материалдары алынып, № 2 НС шатыры толық металл жабындысымен жабылып, ішкі қабырғаларына кафель төсеніштері жабыстырылды.

Сонымен қатар, Жиделіарық пен Бестам елді мекендеріндегі насос станция ғимараттарының төбесінен су кетіп, өз күшімізбен шатырларын жаңартып, металл жабындыларымен төселді.

2. Кәріз жүйесін жаңарту мақсатында "**Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Көк-Шоқы шағын ауданының су бұру желілері мен құрылыстарын қайта жаңғырту**" жобасы бойынша 1-ші этапы аяқталып, қолданысқа берілді. Алайда, өнімділігі тәулігіне **220 текше метр** лас суды тазартатын станция жеткіліксіз болғандықтан, 2-ші этапқа жоба-сметалық құжаттамасын әзірленіп мемлекеттік сараптамаға тапсырылды. Ағымдағы жылы тамыз айында жоба аяқталып құрылысына бюджеттік өтінім берілетін болады.

3. Тұрсынбай датқа ауылының ұңғымасы суды аз өндіруіне байланысты ауыл ішінде, яғни мектептің ауласындағы ұңғыма арқылы ауыз су берілуде.

4. Майлытоғай елді мекеніндегі қолданыстағы су көтеру мұнарасы қайта-қайта тесіліп, жарамсыз болуына байланысты аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, жаңадан су көтеру мұнарасын орнатып қолданысқа берілді.

5. Ы. Жахаев елді мекенінде 1041 үй бар. Күніне 500 м³ ауыз су беріледі, су қоймасы 250 м³ x 2 дана. Жаз айларында № 5 су көтеру насос станциясы басқа да елді мекендерге ауыз су беретін болғандықтан Ы. Жахаев елді мекеніне қажетті мөлшерде су жіберіп үлгермейді. Сол себепті 630 мм магистраль құбыр бойына 1К-100-65-200 маркалы насос қондырғысын орнатып, таңертеңгі сағат 06⁰⁰-21⁰⁰ аралығында үздіксіз қажетті мөлшерде су беріліп отыр.

6. 2025 жылы 5 елді мекенге, яғни, Бұланбай бауы, Тұрсынбай датқа, Майлытоғай, 1 Мамыр, Бірлестік елді мекендеріне жаңадан типтік насос

станция құрылыстарына жергілікті бюджеттің есебінен жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді.

7. Жалпы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің теңгерімінде **5 393** көру құдығы бар. Қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында 2025 жылы беті ашық, қақпақтары жоқ **315** көру құдығына темір бетоннан және темір листіден қақпақтар орнатылды.

-4-

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығымен бекітілген Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің мерзімділігін белгілеу қағидаларына сәйкес 2025 жылы мерзімі өткен су есептеу құралын ауыстыру жұмыстары қарқынды жүріп келеді.

2025 жылы - **1742** су есептеу құралы ауыстырылды, техникалық қызмет көрсету шарты бойынша - **3040** жеке тұрғын, **10** заңды тұлға шартқа отырды. Келісім шартқа отырған тұтынушылардың өтініші бойынша **81** тұрғын үйге техникалық қызмет көрсетіп, ақауларын қалпына келтірді.

2025 жылы су шығынын азайту мақсатында өндірістік бөлімше тарапынан рейдтік жұмыстар ұйымдастырылды.

2025 жылы өзге қызмет көрсету бойынша «ЖТСК» өндірістік бөлімшесі - **16 093 390** теңге, оқшау су жүйесі бойынша - **205 260** теңге кірістелді. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.

Ауыз су төлемін жеңілдету мақсатында ауыз су мен сарқынды су үшін төлем ақыны **Kaspi** қосымшасы арқылы төлеуге болады. Қазіргі таңда барлық жүйенің электронды цифрландыруға көшуіне байланысты төлемді онлайн, үйден шықпай **Kaspi** қосымшасында бет есепті (**лицевой счетты**) теру арқылы төлем жасауға мүмкіндігі бар. Жасалынған төлем филиалдың базасына автоматты түрде түседі. Түсініспеушілік туындаған жағдайда бөлімшемізге келіп немесе өздеріңіздің учаскеңізге бекітілген инспектор-бақылаушылардан қосымша мәлімет алуға болады.

Жалпы мекемеде Шиелі кенті мен елді мекендерді аралайтын **29** инспектор-бақылаушылар көшелерді аралап, ауыз су есептеу құралының көрсеткіштерін жинайды.

Сонымен қатар, апаттық жағдай орын алған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке **4-19-99 телефоны және 8-747-724-19-99 ұялы байланыс телефоны** арқылы хабарласуға болады.

Шығып сөйлегендер:

1. Н. Е. Адикенов - Комплаенс-офицер. Жиналыс бастамасында, комплаенс-офицер Н.Адикенов облысты аяқсумен қамтамасыз ететін «Қазсушар» РМК Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры, бірнеше басшылық және жеке құрамның қызметкерлері мемлекеттік қаражатты жымқыру күдігімен қамауға алынып тергеу амалдары жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Осыған орай, филиал бөлім басшыларына жұмыс барысында және одан тыс кезде сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыратын әрекеттерге жол бермеу, жеке мүддесі үшін лауазымдық қызметін асыра пайдаланбау, жұмысқа себепсіз шықпау, құмар ойындары, спирттік ішімдіктер және есірткі заттарынан аулақ болу, этиканы сақтау, қызметке қатысы жоқ шындыққа жанаспайтын филиал беделін түсіретін өсек ерме

әңгімелер таратпауды қатаң ескертіп, жұмысты заң аясында тиянақты, жоспарларға сай уақытылы және сапалы орындауды жеткізді.

2. Сөз соңында «Сыр суы» филиалының директорының орынбасары, Бас инженер - М. Аралбаев «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бойынша айтылған ұсыныстарды қарап, алдағы уақытта оң шешімін табады деген ойдамыз деп жауабын берді, 2026 жылдың 6 айлық қортындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы уақытта ұжымға табыс пен ауызбіршілік тіледі.

-5-

Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың 6 айлық қорытындысында сәйкес ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. **Өткізілген уақыты - сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін.**

Тыңдаудың төрағасы:

М. Аралбаев

Хатшысы:

Г. Есжанова

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы«Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің аудан тұрғындарына 2026 жылдың 6 (алты) айында атқарған жұмыстарының есебін беру.

Хаттамасы № _____

Жосалы кенті

28 шілде 2026 жыл

**Жиналыс төрағасы: «Сыр суы» филиалының комплаенс-офицері
Адикенов Нұрболат**

Қатысқандар:

10. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы-Исмагулов Жасулан Жаркенович
11. Аудандық Мәслихаттың аппарат басшысы- Ж.Омаров
12. «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесі бастығы – Т.Қалиев
13. «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің инженер – технологі Б.Мырзатайұлы
14. «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің еңбек қауыпсыздігі және техника қауыпсыздігі инженері – Б.Бисенов
15. Бөлімше инженер механигі – А.Алиев
16. Бөлімше жұмысшы қызметкерлері
17. Көше комитеттері С.Қосназаров, Е.Атабаев, А.Оразалиев
18. Аудан тұрғындары, ардагерлері

Күн тәртібінде: Өндірістік бөлімшенің 2026 жылдың жарты жылдық атқарған жұмыстары.

Жиналыс төрағасы Н.Адикенов – «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың алты айында атқарған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімшесінің бастығы Қалиев Темірланға беріледі.

Бөлімше бастығы: Т.Қалиев – 01.01.2026-30.06.2026 жылдар аралығындағы нақты өндірілген ауыз су көлемінің есебі.

Саламатсыздар ма құрметті әріптестер және жиынға қатысушылар!

«ҚазСуШар» РМК, «Сыр суы» филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік

**бөлімшесінің 2026 жылдың 6 айда атқарған жұмыстары туралы
баяндаманы оқуға рұқсат етіңіздер.**

Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі Қармақшы ауданына қарасты Көмекбаев, Қуандария, Алдашбай ахун, Тұрмағамбет, Ақжар, Ақтөбе және Қармақшы елді – мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр.

Бөлімше бойынша 55 адам жұмыс жасайды, басым көпшілігі елді – мекендердегі: насос станция машинисттері, слесарь-жөндеушілер, инспектор-бақылаушылар және авариялық бригада мамандары. Бөлімшеде 2 авариялық бригада бар. Аудан орталығынан шеткі Көмекбаев елді – мекеніне дейінгі қашықтық 150 шақырымды және Қармақшы елді – мекеніне дейін 25 шақырымды құрайды.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық елді – мекендер бойынша жалпы халық саны – **7932** адам.

Абонент саны – **1567**, бос үйлер саны - **178**, нақты абонент саны – **1389**, бюджеттік мекемелер – **38**, өзге мекемелер саны – **33**. Мерзімі өтіп, ауыстырылған су есептегіш құралдар саны – **76**.

2026 жылдың 6 айында бөлімшенің нақты өндіргені 134128 м³ (*текше метр*) және тұтынушыларға (*жеке және заңды тұлғаларға*) таратылған ауыз су көлемі 130770 м³ (*текше метр*) құрайды.

Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар: су өлшеуіш құралдарын орнату, пломба басу, техникалық қызмет көрсету секілді жұмыстар жүргізіліп, 2026 жылдың 6 айында 1827 қызмет түрі атқарылып, 3 975 595 теңге қаржы түсірілді. Бекітілген жоспар толығымен орындалып – 201%-ды құрады.

Бөлімшеге қарасты 7 елді – мекенде барлығы **12** дана ұңғыма бар, бүгінгі күні **11** дана ұңғыма жұмыс жасап тұр. Филиалдан бөлінген шикізат-материалдар насос станциялары мен су жүйелеріндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалды, ішкі су жүйесінің құбыр бойынан және көру құдық ішінен **115** апаттық жағдай орын алып, арнайы техникалардың көмегімен және бөлімше жұмысшыларымен дер кезінде қалпына

келтіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

- I және II су көтеру насос станциялары ғимараттарының және ұңғыма павильондарының ішкі-сыртқы сылақ жұмыстары;
- Насос станцияларындағы барлық «К» типті насос қондырғыларына, ашып-жабу реттегіш арматураларына (Задвижка), қайтарма клапандарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді;
- Елді – мекендердің орталықтандырылған су жүйелеріндегі көру құдықтары мен сервистік жүйенің бойындағы көру құдықтарын тазалау, ыза суларды тарту, өрт гидранттарын майлау, сырлау жұмыстары жоспар бойынша жүргізілді.
- Насос станциялары мен ұңғыма павильондарының ішкі-сыртқы қабырғаларын әктеу, есік-терезелерін және қақпаларын сырлау жұмыстары жүргізіледі.
- Насос станцияларындағы тозығы жетіп шіріген, тесілген технологиялық құбырларды ауыстыру жұмыстары жоспарлануда.

- **Ақтөбе, Ақжар және Қуандария** елді – мекендеріндегі ұңғымаларға d-63мм ПЭ су көтеру құбырларын ауыстыру.
- **Ақжар, Тұрмағамбет және Қуандария** елді – мекендеріндегі насос станцияларының сыртқы темір – бетон қоршауларын түзету жүргізілді.
- Филиал тарапынан арнайы техника (автокран корзинасымен) бөлінсе, **Қуандария, Тұрмағамбет, Ақжар** елді – мекендерінің су көтеру мұнараларын сырлау жұмыстары жоспарлануда.
- Насос станция ауласындағы және ішкі тазалық жұмыстары уақытылы жүргізіледі.

2025 жылы **Қуандария, Ақжар, Ақтөбе және Тұрмағанбет** елді – мекендерінің II-су көтеру насос станцияларының шіріп, тозығы жетіп, темірі жұқарған технологиялық құбырлары ауыстырылып, дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, бөлімшеге қарасты елді-мекендердің насос станцияларындағы және көру құдықтарындағы **30-қа жуық d-150, d-100 және d-80мм** ашып-жабу реттегіш арматураларына, қайтарма клапандарры ауыстырылды, II-ші су көтеру насос станцияларындағы технологиялық құбырларда орналасқан ашып-жабу реттегіш арматураларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Онымен қоса, II-су көтеру насос станцияларындағы «К» типті су айдау насостарына ағымдағы жөндеу жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп істен шыққан насостар **Ақжар,Тұрмағамбет және Қуандария** елді мекендерінде ауыстырылып, халықты үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету жолында жұмыстар жасалды.

Халықты **24** сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бөлімшенің 2 авариялық бригадасы, шеберлер, слесарь-жөндеушілер, насос станция машинисттері су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды арнайы техникалардың көмегімен және өз күшімен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Елді – мекендердің I-су көтеру насос станцияларындағы тереңнен су тартатын **ЭЦВ** насос қондырғылары да жиі істен шығып жатады. Осындай сәтте, филиал тарапынан жедел түрде насос қондырғылары бөлініп, орын алған апаттық жағдайларды дер кезінде қалпына келтіру жұмыстары атқарылуда.

Жалпы өндірістік бөлімшедегі ауыз су беруге қатысты барлық жұмыстар өз деңгейінде жүргізілуде. Дегенмен, коммуналдық қызметті жүзеге асыратын мекеме болғандықтан, проблемалық мәселе туындамай қоймайды:

Айта кететін жағдайлар: **Қуандария** елді – мекенінің насос станциясы **1990** жылдардан бері жөндеу жұмыстарын көрмеген. Ғимараттары мен технологиялық құбырлары, насос қондырғылары ескіріп, жиі бұзылып, құбырлары шіріп, ауыз су беруге үлкен кедергі келтіріп отыр. Насос станциясындағы сыйымдылығы 500 м3 болатын таза су қоймасына насос арқылы жиналған су жер астына сініп кетуде. Себебі темір-бетон едені әр

жерден үгітіліп жарық сызықтар пайда болған күрделі жөндеу жұмыстары қажет етеді. Онымен қоса, қазіргі кезде проблемалық мәселе болып тұрған **Ақжар** елді – мекенінің насос станция ауласындағы сыйымдылығы **90м3** болатын су көтеру мұнарасының тозуы. Су көтеру мұнарасының жағдайы өте нашар, жиі апаттық жағдайлар орын алып, ауыз су беруге кедергісін келтіруде. Аталған мұнараның корпусы толығымен шіріп, темірі жұқарып, ағымдағы жөндеу жұмыстарын немесе дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге қолайсыз болып отыр. Осы Ақжар, және Қуандария елді – мекендеріндегі су көтеру мұнарасының жағдайы жөнінде ақау актілері толтырылып, филиалға жіберілді.

Бытыр яғни **2025** жылы жаңғырту жұмыстарына, атап айтар болсақ **Ақтөбе 203619,265 теңге, Ақжар 151292,078теңге, Қуандария 276221,841 теңге жалпы құны 631133,184 теңге** құрайтын жоба – смета әзәрленіп бекітілді. Қазіргі таңда осы жобаға қаражат бөлінуін күтіп отырмыз.

Тағы бір айта кететін өзекті мәселе, **Қармақшы, Ақтөбе және Алдашбай** елді – мекендерінде бір ғана ұнғымадан жұмыс жасап келеді, Елді – мекеннің ауқымы үлен болғандықтан, тұтынушылар ауыз суды көп мөлшерде пайдаланады, жұмыс жасап тұрған 1 дана ұнғыма болғандықтан, насос қондырғысы мерзімінен бұрын істен шықса немесе өзге де апаттық жағдайлар орын алса, елді – мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету жолдары алаңдатады және көптеген қиындықтар соқтыруы әбден мүмкін. Бұл жағдай бойынша аудан әкімшілігіне және филиал басқармасына Хат жолданып, аталған елді мекендерге тағы бір бір ұнғымадан бұрғылап жер асты су көзін шығарып берулерін өтіндік.

«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалына Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 22 мамырдағы №26-НҚ бұйрығымен ауыз суды магистралдық құбыр жолдары беру қызметіне 713,73 теңге және таратушы желілер арқылы беру қызметіне 641,39 теңге, сарқынды суды бұру қызметтеріне орташа 349,05 теңге, сарқынды суды бұру (Көкшоқы мөлтек ауданы) қызметтеріне орташа 242,77 теңге тариф және тарифтік сметасы бекітіліп, 2026 жылдың 1 маусымынан бастап күшіне енеді (барлығы ҚҚС-сыз). Тарифтің өсу себептері: айлық жалақының, электр энергиясының, сатып алынатын судың және қызмет жеткізушілердің бағасының өсуі.

Жоғарыдағы бұйрыққа сәйкес, «Қазсушар» РМК орталық аппаратына штаттық кесте жобасы ұсынылып, 2026 жылғы 2 маусымындағы №Ө-525 бұйрығымен штаттық кесте бекітіліп, филиал бойынша 2026 жылдың 1-ші маусымынан бастап барлық жұмысшы қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға көтерілгендігі қуантады.

Қазіргі таңда, бөлімше өзіне қарасты барлық елді – мекендерді жоғарыда аталған және қиындық тудырып тұрған проблемалық мәселелерге қарамастан **24** сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр және алдағы уақытта да халықтың игілігі үшін жұмыс жасайтындығын жеткізеді.

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!!!

Көше комитеті С.Қосназаров: Су ішіп отырмыз. Қызмет көрсетіп жүрген су мамандарына рахмет. Бірақ осы биыл жаз қатты ыстық болған соң

ба осы шілде айының 1-2 аптасында су қысымы төмендеп кетті. Енді сіздерді кіналай алмаймын. Сұрастырып біліп отырмын. Халық аяқ су есебінде де падаланадау шамасы. Сол себепті болар. Жалпы судың халыққа берілуі жаман емес. Судан қиналып отырғанымыз жоқ. Жаздың артығымен айтқанда 1 айында яғни шілде айында насос арқылы болса да су ішсекте мейлі. Қалған 11 айда судың қысымы жақсы шүкір.

Жиналыс төрағасы Н.Адикенов: Басқа сұрақтарыңыз бар ма?

Көше комитеті Е.Атабаев: Иә, су тіршілік көзі, сусыз адамға өмір жоқ. Халыққа су жеткізіп беріп, әр тұрғынның көңілінен шығу да оңай емес. Шақырғанда келіп жатыр су мамандары. Вентильмізді ауыстырып беріп кетіп жатыр. Біздің аудандағы су қайта айтатындай проблема емес, керек кезде кез келген уақытта су ағып тұр. Теледидардан жаңалықтар бағдарламасынан қарап отырсаңыз ел көп су проблемасын айтып жатқан. Кейбір шет елдер, жақсы жағдайы деген елдердің кейбір аудандарында су жоқ. Уақытпен ғана беріледі. Оның қасында біз шүкір жақсымыз. Судың 30 теңгеден 70 теңгеге көтерілгені дұрыс. Судың бағасы өте арзан. Бәрі қымбаттағанда су әлі арзан. Судың қадірін білуіміз керек. Дүкеннен 1 литр әсемай суын алсаңда 300-400 теңге төлеп аласың.

Көше комитеті А.Оразалиев: Ешқандай сұрағымыз жоқ. Көшеміздегі тұрғындардың барлығына су ағып тұр, ешқандай проблема жоқ. Бөлімше бастығы Ә.Қаршығаның баяндамасын тыңдадық. Біраз жұмыстар атқарған екен. Жасап жатқан жұмыстарының жемісін жей берсін дегім келеді, мекеме ұжымына. Халықтың алғысына бөлене беріңіздер.

Жиналыс төрағасы Н.Адикенов: Құрметті су тұтынушылар. Көше комитеттері! Жиналысқа келіп қатысқандарыңызға рахмет. Енді жалпы су жайына келетін болсақ, өздеріңізге белгілі қандай мекеме болмасын 100 пайыз бәрі жақсы деп айта алмаймыз. Бір жағын жөндеп жатсаң екінші жағыңыз жөндеу жұмыстарын қажет етіп тұрады. Мысалы ретінде Сіздерге түсінікті болу үшін айтып жатырмын. Халыққа 24 сағат су беру үшін тоқтаусыз қызмет жасауымыз керек. Біз оны білеміз. Себебі филиал басшылары тек осы бір ауданның проблемасымен жұмыс жасамайды. Аралдан бастап Жаңақорғанға дейінгі аралықтағы барлық елді мекеннің сумен қамтылуы үшін қызмет көрсетеді. Мысалы: Сіздерде Жаңажол, Төребай би елді мекендердегі су мұнаралары тозығы жетіп, ауыстыруды қажет етіп тұр. III-Интернационал елді мекенінен 5 дана ұңғымадан су өндіріп Жосалы кентін және 4 елді мекенді қамтамасыз етіп тұр, ал ол ұңғымалардағы насостар бірінен соң бірі аяқ асты күйіп кетсе не болады, оған ауыстырып салып отыратын насостар алынып отыру керек. Бұлай айтып отырған себебім бәрі жақсы проблема жоқ деп отыру мүмкін емес. Бірінен соң бірі жұмыстар шығып тұрады. Осындай сияқты басқа да аудандарда да осындай мәселе бар. Жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылып жатыр. Астанада «Қазсушар» РМК жаңадан техникалар берді. Бірінші жалақы мәселесін шешкен жөн деп жұмысшы-қызметкерлердің жалақысын көтерді 20 пайыз. Материалдар енді бөлінеді, жұмыстар атқарылады. Судың уақытылы сапалы халыққа берілуі үшін жұмыстар атқарылады басшылар тарапынан.

Сөзімді қорытындылай келе су бәрімізге ортақ. Жергілікті әкімшілік тарапынан да қолдау білдіріп, халыққа ауыз суды тек ауыз су үшін пайдалануына, шілде айында уақытша болатын судың жетіспеушілігі кезінде

халыққа түсіндірме жұмысын жүргізуге, бау-бақшасына су құбырын ашып тастамауына бізбен бірге атсалыссаңыздар екен дегім келеді. Басқа сұрақтарыңыз болмаса жиналыс аяқталды. Тыңдауға келгендеріңізге рахмет.

Қорытынды:

«Сыр суы» филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың 6 айлық жұмыстары қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11:00ден 12:30ге дейін болды.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

Н.Адикенов

Г. Рахметова

Х А Т Т А М А

Төретам кенті

28-шілде 2026

жыл.

Сағат 15.00

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2026 жылдың I-жарты жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Н.Адикенов – «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының комплаенс-офицері

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. . А.Қылшыбаев -«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің бөлімше бастығы.
2. Ж.Исмагулов - Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Н.Сабытбеков – Төретам кенті әкімінің орынбасары
4. Б.Тұрғанов – Ақай ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы.
- 5.Б.Санаков - Төретам кентінің әкімі аппаратының жетекші маманы.
6. Р.Сахиев - «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы
7. Д.Амангельдиев - «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі
- 8.. Е.Қаражанов - «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің диспетчері.
9. Г.Телжанова - «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі
10. Д.Итигулов -«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
11. Ж.Алпысов -«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің шебері.

Өндірістік бөлімшенің жұмысшылары

Кәсіпкерлер: Дундибаев М., Ө.Шығанбаев, Б.Абуов;

Төретам кентінің Ардагерлер кеңесі: Қ.Накиев, Қ.Нагиметов, С.Абжаппаров, К.Аралбаев, Х.Жумахметов, А.Ермеккараев, А.Ниязбаев

Ақай ауылының Ардагерлер кеңесі: Ж.Қыпшақбаев, Ж.Алпысов, Н.Айпейісов, Қ.Ниязымбетов.

Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің тұрғындары

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын-алу шаралары туралы.
2. **Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың I-жарты жылдығында атқарған жұмыстары туралы.**

Жиналысты Н.Адикенов – «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының комплаенс-офицері ашып, жүргізіп отырды.

Жиналыс бастамасында, комплаенс-офицер Н.Адикенов облысты аяқсумен қамтамасыз ететін «Қазсушар» РМК Жамбыл облысы бойынша филиалының

директоры, бірнеше басшылық және жеке құрамның қызметкерлері мемлекеттік қаражатты жымқыру күдігімен қамауға алынып тергеу амалдары жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Осыған орай, филиал бөлім басшыларына жұмыс барысында және одан тыс кезде сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыратын әрекеттерге жол бермеу, жеке мүддесі үшін лауазымдық қызметін асыра пайдаланбау, жұмысқа себепсіз шықпау, құмар ойындары, спирттік ішімдіктер және есірткі заттарынан аулақ болу, этиканы сақтау, қызметке қатысы жоқ шындыққа жанаспайтын филиал беделін түсіретін өсек ерме әңгімелер таратпауды қатаң ескертіп, жұмысты заң аясында тиянақты, жоспарларға сай уақытылы және сапалы орындауды жеткізді.

Келесі кезекте сөз алған өндірістік бөлімше бастығы А.Қылышбаевтың 2026 жылдың I-жартыжылдығында атқарған жұмыстары туралы баяндады.

Ардақты ақсақалдар! Құрметті Төретам кенті мен Ақай ауылы тұрғындары және жиынға қатысушылар!

«Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың I-жарты жылдығында атқарған жұмыстары туралы мәлімдеуге рұқсат етіңіздер.

Бөлімше туралы қысқаша мәлімет

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2018 жылы құрылып, қазіргі күнге дейін екі елді мекенді тұрақты түрде 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіп келеді.

Мекеме теңгеріміне қарасты ауыз су құбыры, көру құдығы, ашып-жабу арматурасы (задвижка) және өрт гидранты бойынша: **Төретам кентінде** ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 55 006 м., көру құдығы – 240 дана, ашып-жабу арматурасы – 44 дана, өрт гидранты – 38 дананы құрайды.

Сонымен қатар мекеме теңгеріміне енгізілмеген, бірақ қолданыста тұрған Қармақшы ауданының ЖКХ бөлімінің меншігіндегі 2021 жылы жүргізілген ауыз су құбыры – 6 850 м., көру құдығы – 126 дана, өрт гидранты – 32 данасы бар.

Ақай ауылы бойынша: ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 39 944 м., көру құдығы – 448 дана, ашып-жабу арматурасы – 31 дана, өрт гидранты – 110 дана.

Екі елді-мекен бойынша барлығы:

ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 101 800 м.;

көру құдығы – 814 дана;

ашып-жабу арматурасы – 75 дана;

өрт гидранты – 180 дана;

Бөлімшеге қарасты 27 қызметкер, 6 техника 2 насос станциясы халыққа 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жасап отыр.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық екі елді – мекендерде 19 бюджеттік мекеме, 132 заңды тұлға бар. Жалпы жеке тұлға саны 3 071, оның ішінде: Төретам кентінде 1 792, Ақай ауылында 1 279 тұтынушылары бар. Халық саны бойынша: Төретам – 12 700, Ақай - 8 187. Жалпы саны – 20 887.

***Өндірілген және таратылған су көлемі (нақты және жоспар бойынша).
Су шығыны. Нақты қаражат жиналған су көлемі.***

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының «Қармақшы ауданы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін

пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылы ауыз су таратуға 1 жылдық жоспары – **416 411 м³**.

2026 жылдың 6 айда таратылған ауыз су көлемі: Ақай ауылына – **110 182 м³**, Төретам кентіне – **128 921 м³**. Барлығы: **239 103 м³** су таратылды. Су шығыны – **1 169 м³**.

2026 жылы 6 айда таратылған ауыз судан түскен қаржы – **16 220 183,17 теңге**, оның ішінде (*бюджеттен – 3 016 304,06 теңге, жеке кәсіпкерден – 5 095 367,12 теңге, жеке тұлғалардан – 8 108 511,99 теңге*).

Өзге қызмет түрлерін көрсету бойынша атқарылған жұмыстар: су өлшегіш құралын орнату, пломба басу, жер қазу, ауыз су тасымалдау, тұтынушыларға аула ішіндегі ауыз сумен жабдықтау жүйесіне техникалық қызмет көрсету КЕЛІСІМ ШАРТ жұмыстары жүргізіліп – **1 423 030 теңге** қаржы түсірілді.

Жалпы 2026 жылы 6 айда түскен қаржы соммасы – **17 643 213,17 теңге**.

Өздеріңізге белгілі, қолданыстағы ауыз суды Байқоңыр қаласының «ГУП ПЭО Байконурэнерго» мекемесімен жасалған келісім шарт негізінде сатып алуда. 2026 жылға келісім шарт құны – 17 935 983 рубль 90 коп. теңгеге шаққанда 102 491 134 теңгені құрайды. (тариф 1м³ сатып алу құны – 35руб.41 коп. немесе 203 тг.)

Алайда сатып алынған суды Төретам, Ақай елді мекендеріне судың 1м³ 70 теңгеден таратып отырмыз, ал қалған үстіндегі айырмашылықты мемлекет тарапынан субсидия арқылы төленеді.

Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының орындалуы және орын алған апаттық жағдайлар, оған жұмсалған материалдардың есебі.

2026 жылдың I-жарты жылдығына бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 2 елді – мекен бойынша 30 данаға жуық d-200, d-150, d-100мм ашып-жабу реттегіш арматурасының (задвижка) 23 данасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 6 данасы жаңадан ауыстырылды. Оның ішінде орталықтандырылған ауыз су жүйесінің көру құдықтары мен насос станцияларындағы технологиялық құбырлар бойында орналасқан ашып-жабу реттегіш арматураларын (задвижка) майлау, сырлау, тот басқандарын тазалау, шіріп тозығы жеткен болт, гайкаларын ауыстыру секілді жұмыстар атқарылды.

Бекітілген ППР-ге сәйкес насос станцияларының ауласындағы шөптерді шабу, күл-қоқыстан тазалау, қураған талдарды кесу жұмыстары жүргізілді. 6 айда атқарылған ППР жұмыстар саны 65 құрады. Оған кеткен материал құны – **1 194 736,04 теңге**.

Жыл басынан орталық қоймадан бөлінген ГСМ :

Дизель майы – 4 220 л.

Бензин – 4 850 л.

Қазіргі таңда, су жүйелерінде орын алып жатқан апаттық жағдайлардың бірден-бірі көру құдығында орналасқан өрт гидрантының тұғыры мен фасон бөлігінің тозуы. Жыл басынан бері 48 апаттық жағдай орын алған болса, дер кезінде апатты жағдайды уақытылы қалпына келтіріліп отырылды. 2026 жылдың 6 айы бойынша Төретам кенті және Ақай елді мекендерінде 23 дана фасон бөлігі ауыстырылды. Өрт гидрантының тұғыры шіріп, темірі жұқарып, тот басуына байланысты тозығы жеткен тұғырларын ауыстыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде.

Насос станцияларындағы ғимараттар мен әкімшілік ғимаратының түскен жерлерін сылау, әктеу, есік – терезелерін сырлау, қымтау және күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Филиалдан бөлінген шикізат-материалдар насос станциялары мен су жүйелеріндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалды.

Елді – мекендердің насос станцияларындағы таза су қоймалары мен су көтеру мұнараларын жоспарлы жуу, шаю-залалсыздандыру жұмыстары көктем

және күз мезгілдерінде өз деңгейінде жүргізілді. Залалсыздандыру жұмыстарынан кейін және ай сайын «Ұлттық сараптама орталығы» мамандары су сынамаларын алып, тиісті хаттамалары жасалып, филиалдың «Су нысандарын пайдалану» бөліміне тапсырылуда.

Өндірістік бөлімшедегі авто және арнайы техниканың жағдайы туралы мәлімет.

Қазіргі таңда, өндірістік бөлімшеде жұмыс жасап тұрған 6 авто техника бар. Оның ішінде: 4 дана арнайы техника, 1 дана авариялық бригада көлігі және 1 дана жеңіл автокөлік. Арнайы техникалар мен автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күтімдерін жасау негізделген кестелерге сәйкес жасалып, орталық қоймадан бөлінген қосалқы бөлшектер мен май сүзгіш фильтрлері және қою май мен салқындатқыш сұйықтықтары жеткізіліп, техникалық күтім толығымен орындалуда.

Проблемалық мәселелер.

Ауыл ішілік су құбыры бойындағы көру құдықтарына орнатылған көптеген фасон бөліктері мен өрт гидранттарының тұғырлары тозығы жетіп, апатты жағдайда тұр.

Қазіргі таңда, Төретам кенті Құлтасов көшесі темір жол бетінде орналасқан тұрғын үйлер осы уақытқа шейін біреудің жеке ауласы арқылы өз күштерімен д-110мм темір құбырдан жүргізіп, ауыз суды пайдалануда. Осыған орай жергілікті әкімдікпен келісе отырып, аталған көшеге шамамен 800 метр болатын д-63мм полиэтиленді құбыры арқылы ауыз су жүргізу жоспарлануда.

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.

Халықты 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бөлімшенің авариялық бригадасы, шеберлер, слесарь-жөндеушілер, насос станция машинисттері су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды арнайы техникалардың көмегімен және өз күшімен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізе отырып, жыл басында бекітілген жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес ашып-жабу реттегіш арматураларына, су көтеру мұнараларына, насос агрегаттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізілуде.

А.Ысқақ, кент тұрғыны: Құлтасов көшесінің тұрғынымын. Көршіміздің ауласынан көру құдығынан 4-5 үй су тартып алып, ішіп отырмыз. Үй егесі көру құдығын сыртқа шығарамын, құбырдан ажыратамын деп отыр. Ол кісінің жеке шарбағы болған соң ештеңе дей алмаймыз. Сол жерден алып отырған 4-5 үйге басқа жерден ауыз су тартып беруге, қаражат қарастырып берілсе?

Төретам кенті әкімінің орынбасары Н.Сабытбеков: Бұл мәселеден хабарымыз бар. Өндірістік бөлімше бастығы А.Қылышбаев осы мәселені көтерген болатын. Алайда бұл қаражат талап етеді. Күз айларында қаражат қарастырып беруге ықпал жасаймыз.

Су бөлімшесімен тығыз байланыста жұмыс жасап келеміз. Іс-шаралар, қоғамдық жұмыстарға атсалысады. Жігіттердің жұмыстары өте жақсы. Ауыз суды тоқтатып жөндеу жұмыстарын жүргізсе де алдын ала хабар береді. Ал, апат жағдай орын алғанда да хабарласып ескертіп отырады. Су мәселесіне қойылатын талабымыз жоқ. Жігіттердің жұмысына жақсы деген баға береміз.

Қ.Накиев, ардагерлер Кеңесінің төрағасы: - су мәселесіне қоятын шартымыз жоқ. Жігіттер жұмыс жасап жатыр. Су 24-сағат беріліп жатыр. Ақау орын алса күндіз-түні, күннің ыстығы-суығына қарамайды. Енді осы саланың

қызметкерлерінің жалақысын көтеруге ықпал жасасаңыздар. Өте жақсы деп баға береміз.

Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысты аяқтайық.

Есепті тыңдау «жабық» деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15.00-ден 16.35-ға дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшы:

Н.Адикенов

Г.Телжанова

**«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының
кеңесшісі – Б.Абибуллаевтың төрағалығымен өткізілген жиналыс
хаттамасы № 5**

Қызылорда облысы
Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті

29.07.2026 жыл
сағат 11:00

Жиналыс төрағасы:

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының кеңесшісі –
Абибуллаев Бауыржан Абдуллаевич.

Жиналыс хатшысы: «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау
жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі -
Ж.Молдыман.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің
басшысы- Біржан Әкежан Алмасұлы.

Жалағаш ауданының тұрғындары.

«Руханият Жалағаш аудандық мәдени сауықтыру кешенінің»
басшысы –И.Балғабаева.

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін
пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бастығының м.а – Ералиев
Ақтау Мешитбаевич.

Жиналысты «Сыр суы» филиал директорының кеңесшісі
Б.Абибуллаев ашты.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Аудан бойынша ауыз су тұтынышылар саны туралы.
2. «Сыр суы» филиалы суды магистральды құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру қызметтеріне, тұтынушылар үшін төлем ақы тарифі бойынша.
3. 2026 жылдың жарты жылдығында аудан бойынша жалпы таратылған су көлемі және ауыз су қаржысын жинау:
4. Ағымдағы жылдың 6-айында аудан көлемінде орын алған апаттық жағдайлар бойынша.
5. Абоненттік теңгерімдік тиесілі аула ішіндегі ауыз сумен жабдықтау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты бойынша.
6. Тұтынушыларға берілетін ауыз судың сапасын анықтау мақсатында СЭС мекемесімен жасалған келісім шарт жөнінде.
7. Проблемалық сұрақтар.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің

тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2026 жылғы 6 айда атқарылған есебі.

Баяндамашы – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бастығының м.а – Ералиев.

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директорының кеңесшісі Б.Абибуллаев тыңдауды ашты.

А.Ералиев күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың 6 айдағы қортындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

Баяндама

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі халықты ауыз сумен қамтамасыз етуден бөлек, орын алған барлық апаттық жағдайларды қалпына келтіру, таратылған ауыз су көлемінің қаржысын жинау жұмыстарын атқарады, өндірістік бөлімшеде 124 - жұмысшы-қызметкер, 2-автокөлік, 8 -арнайы техника және 19 - насос станциясы аудан тұрғындарына қызмет көрсетуде.

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімше базасына тіркелген 91 бюджеттік мекемесі мен 169 заңды тұлғаның барлығы су есептегіш құралымен ауыз су пайдалануда.

Жеке тұлғалар бойынша 6 908 абонент, ауыз су пайдаланушы 34, 236 тұрғын тіркелген.

Көшеде орналасқан су құбырлары (калонка) саны – 3

Орналасқан жері кенттің Ә.Молдағұлова көшесінің бойы, Ақпан батыр көшесінің бойы және Абай көшесі №6 үйдің тұсы.

1.Аудан бойынша ауыз су тұтынушылар саны –6 908 тұрғын үй болса, оның ішінде су есептегіш құралымен су тұтынушылар саны – 6 143, 88,9%-ды құрап отыр, Су есептегіш құрылғы аспабы жоқ су тұтынушылар саны – 719 тұрғын үй, 10,5%-ды құрайды.

Ал, кент орталығында көшеден ағып тұрған су құбырларынан **60** теңгеден төлем жасап, ауыз суды қолдап тасып тұтынып отырған **0,6 %**, **яғни 46 тұрғын үй.**

Жыл басынан аудан бойынша барлығы орнатылған су есептегіш құрылғылары саны - **220**, оның ішінде уақыты келіп ауыстырылған су есептегіш құралы – **190**, жаңадан құрылған су есептегіш құралдарының саны– **30**. Жаңадан салынған пломба саны – **508** дана.

Аудан бойынша жеке тұлғаларға ауызсу есептегіш құралдарының 5-жылдық мерзімі өтіп немесе істен шыққан жағдайда, ауыстырып беру жұмыс ақысына – **2910 теңге**, одан жиналған суммасы **520 мың 890** теңгені құрады.

Жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш құралын орнату үшін **5 240** теңге, одан жиналған суммасы –**36 240** теңге, ал заңды тұлғаларға **6500** теңге төленсе, одан жиналған суммасы – **26 000** теңге.

Құрметті жиналысқа қатысушылар ағымдағы жылы жеке тұлғамен заңды тұлғалардың ауыз су тұтыну тарифы өзгергені өздеріңізге мәлім;

2.«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр суы» филиалы суды магистральды құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру қызметтеріне, тұтынушылар үшін төлем ақы тариф мөлшері жеке тұлғалар үшін, 2026 жылдың сәуір айының 01-нен бастап, 1 текше метр 30 теңгеден 70 теңгеге өзгерді. Сондай-ақ ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 22 мамырдағы №26-НҚ бұйрығы негізінде заңды тұлғаларға өлшем бірлігі 1 текше метрі 620,52 ден 744 теңге 01 тиынға тарифтік бұйрығы жаңартылып өзгерді.

Мемлекеттің су бұру және су жеткізуші кәсіпорындарға субсидия береді. Мұндай субсидия халық төлейтін тарифтің қымбат болып кетпеуіне мүмкіндік береді, яғни халыққа берілген жеңілдік бұл тәртіп арнайы қағидалармен реттеледі. Тұрғындарға суды үнемдеу мақсатында тұтыну нормасы адам басына бекітілген, осы нормадан асқан жағдайда толық тарифпен төленеді.

Мысалы: 1 адамға күніне 140 литр, 30 күнде 4 тонна 200 литр, 70 теңгемен жасалады, 1 - айда пайдаланған ауыз су көлемі осы нормадан асса, толық тарифпен төлем жасайды. Толық тариф 744 теңге 01 тиын.

3.2026 жылдың жарты жылдығында аудан бойынша жалпы таратылған су көлемі және ауыз су қаржысын жинау:«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдақтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі» тарапынан **352 мың 893м3** ауыз суды тұтынушыларға таратылды. Таратылған су көлемінен **41 млн 334 мың 328теңге** қаражаты жиналды. Оның **18 млн 943 мың 256 теңгесі** жеке тұрғын үйлердің қаржысы болып табылады. Өзге қызмет бойынша **2 млн 946 мың 995 теңге** кірістелді.

4.Ағымдағы жылдың 6-айында аудан көлемінде 242 апаттық жағдайлар орын алып дер кезінде қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Апаттық жағдайлардың көпшілігі насос станцияларында № 1 су көтеру ЭЦВ насостарының істен шығуы, ауыз су құбырының жарылуы, көру құдықтарының ішіндегі фасонды бөліктері мен ауыз су мұнарасының шіруі болып табылып отыр.

5.Сонымен қатар абоненттік теңгерімдік тиесілі аула ішіндегі ауыз сумен жабдықтау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты бойынша 633 абонентпен техникалық келісім шарт жасалып, 1 млн 582 мың 500 теңге қаражат өзге жұмыстары бойынша түсірілді. Келісім шарт бойынша аудан бойынша 107 ауыз су жүйесінен орын алған ақауларға өндірістік бөлімше қызметкерлерімен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Осымен қатар заңды тұлғалармен 4400 теңгеден 41 мекемемен келісім жартқа отырып, одан 180 мың 400 теңгежиналды.

Жаз айы басталғалы бері ауыз судың қысымы төмендеп тұрмыстық жағдайға пайдалануға қиындық туғызып жатқаны барлықтарыңызға мәлім. Ауыз су өндіріп таратушы насос станциялары толық қабілеттілігімен жұмыс жасағанымен тұрғындардың арасында ауыз суды бау-бақша, құрылыс тағы басқа да жұмыстырына суды есепке алу аспаптарына дейін суды бұрмалау деректері көбейіп ауыз су ысырабы жоғары деңгейде болғандықтан «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің қызметкерлері тарапынан кент орталығы және Аққыр, Мақпалкөл, Қаракеткен, Далдабай, Аламесек, Жаңадария, Аққұм, Бұқарбай батыр елді - мекендерінде рейдтік іс-шаралары ұйымдастырылып, біршама заң бұзушылықтар анықталды.

Анықталған заң бұзушылықтарға ҚР-ның Өнер-кәсіп және Құрылыс Министрінің 2025 жылғы 16 қазандағы №441 бұйрығын басшылыққа алып, өз беттерінше заңсыз су бұрмалағандармен пломбаны жарамсыз күйге түсірген азаматтарға қатысты судың шығыны мен құны, труба диаметрі толық тарифке көбейтіліп есептеліп, тексеру актілері толтырылды.

Бұған дейін осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында интернет желілеріне **«суды үнемдеу-ортақ міндет» «су тіршілік көзі-әр тамшы су қымбат екенін ұмытпайық»** жайлы мақалалар жарияланса, Жалағаш кентінің жеңістің 50 жылдық көшесінің бойына **«Суды үнемде-болашақ үшін сақта»** тақырыптағы ақпараттық тақтайша (билборд) орналастырылған болатын.

6. Тұтынушыларға берілетін ауыз судың сапасын анықтау мақсатында, аудандық СЭС мекемесімен келісім шарт жасалынып ай сайын ауыз судың үлгісі алынып, су құрамы тексеріліп отырады. Ауыз су құбыры және су сақтау қоймаларына көктемгі-күзгі мезгілінде жуу және залалсыздандыру жұмыстары СЭС мекемесінің мамандарының қатысуымен өз деңгейінде жүргізіліп отырады.

Сұрақ қойғандар:

Жиналыс төрағасы Б.Абибуллаевқа - Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы - Біржан Әкежан Алмасұлының қойған сұрағы.

Жалағаш ауданының Мәдениет, Аққұм, Жаңақоныс елді мекендеріндегі насос станцияларын қабылдауға «Сыр суы» филиалына ұсыныс берілген болатын алайда қазіргі таңда әлі қабылданбағанын және Жалағаш кентіндегі Ақтерек учаскесіне қазіргі таңда 100 үй салына бастады осыған байланысты насос станциясын қосып беруді сұрады.

Кеңесші Б.Абибуллаев – Мәдениет, Аққұм, Жаңақоныс елді мекендегі насос станциялары бойынша ұсыныс құжаттарын «Сыр суы» филиалына емес, «Қазсушар» Шарушылық жүргізу құқығындағы кәсіпорында жолдайтынын, шешімді «Қазсушар» кәсіпорны қабылдайтынын және Ақтерек насос станциясына байланысты, құрылыс нысаны салынып жатқанда алдын-ала жоспар жасалу керек екенін, жоспарға байланысты штат

қарастырылатынын, сол себепті қазіргі уақытта штат қарастырылмағанын айтты .

Баяндамашы – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бастығының м.а – Ералиев.

Қазіргі таңда алаңдатушылық білдіріп отырған төмендегі бірнеше мәселені атап өтті.

2-ші ұңғыманы қажет ететін елді-мекендер

1. Жаңадария ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясында жалғыз бір ұңғыма, 2-ші ұңғымадан 2025 жылдың наурыз айында су шықпай қалған, қайта қазуды қажет етеді.
2. Қаракеткен ауылдық округіне қарасты, Далдабай елді мекеніндегі ауыз су жүйесінің насос станциясында жалғыз бір ұңғымадан өте аз мөлшерде су шығып тұр, 2-ші ұңғыма 2021 жылдың мамыр айында құм айдап кеткен.
3. Мырзабай ахун ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясында жалғыз бір ұңғыма, 2-ші су көтеру ұңғымадан 2023 жылы лай су шығып кеткен, қайта қазуды қажет етеді.
4. Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясында жалғыз бір ұңғыма, 2-ші ұңғымадан 2026 жылдың ақпан айында лайлы және тұзды су шығып кеткен, қайта қазуды қажет етеді.
5. Таң ауылдық округіне қарасты, Жаңақоныс елді мекеніндегі ауыз су жүйесінің насос станциясында жалғыз бір ұңғыма, 2-ші ұңғыма мүлдем қазылмаған, 2-ші ұңғыма қазуды қажет етеді.

Су мұнарасы (башня) қажет ететін елді-мекендер

1. Еңбек ауылдық округі бойынша, ауыз су жүйесінің насос станциясына су мұнарасын (башня) жаңадан салуды қажет етеді.
2. Жаңаталап ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясына су мұнарасын (башня) жаңадан салуды қажет етеді.
3. Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясына су мұнарасын (башня) жаңадан салуды қажет етеді.
4. Таң ауылдық округі бойынша, ауыз су жүйесінің насос станциясына су мұнарасын (башня) жаңадан салуды қажет етеді.

Резервуар қажет елді-мекен

1. М. Шаменов ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясында резервуар мүлдем жұмыс жасамайды, қайта жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.
2. Қаракеткен ауылдық округіне қарасты Далдабай елді мекені ауыз су жүйесінің насос станциясында резервуар мүлдем жұмыс жасамайды, қайта жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.
3. Таң ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясында 500 м3 резервуардың 250 м3 жұмыс жасамайды, қайта жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Еңбек ауылдық округі бойынша ауыз су жүйесінің насос станциясында 1000 м3 резервуар орналасқан соның 500 м3 жұмыс жасамайды, қайта жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Жалағаш ауданы бойынша жөндеуді және жаңадан орнатуды қажет ететін дизельді электро станциялар.

№	Наименование населенного пункта	Марка, модель дизельных электростанции	Год выпуска ДЭС	Мощность ДЭС	Необходимые материалы	Примечание	Техническое состояние ДЭС
1	Жалағашкенті, Дәуімбай	PERKINS P-150-1	2011	150кВт	Аппаратынан май кетіп тұр.		Жұмыс жасамай тұр
2	Ақсуелді мекені	TWG-11274E	2014	128кВт	Текстолит 50х50.		Жұмыс жасамай тұр
3	Жалағашкенті, Орталық	TZH-150	2013	150кВт	Двигатель оталмай тұр.		Жұмыс жасамай тұр
4	Мәдениетелді мекені	AKSA APD-275	2008	250кВт	Двигатель оталмай тұр.		Жұмыс жасамай тұр
5	Жанақоныселді мекені	KG POWER KG3-120	2020	120кВт	Радиатор тесілген, головка прокладка қажет.	Тенгерімге қабылданбаған	Жұмыс жасамай тұр
6	Бұқарбай батыр елді	Дизельді электро-станция			Мүлдем болмаған		

	мекені.	мүлдем орнатылмаға н.					
--	----------------	--------------------------------------	--	--	--	--	--

Кеңесші Б.Абибуллаев сөз соңында барлық мәселе назарға алынып, тиісті жұмыстар атқарыла беретінін айтты. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11⁰⁰-ден-11⁴⁵-ке дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Б.Абибуллаев

Хатшы:

Ж.Молдыман

**«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы
«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін
пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі
Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету қызметі бойынша
2026 жылы атқарылған жұмыстардың есебі туралы тыңдаудың
Х А Т Т А М А С Ы**

Тереңөзек кенті

№ 14

29 шілде 2026 жыл

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2026 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директордың кеңесшісі Абибуллаев Бауыржан Абдуллаевич.

Баяндамашы: Жумамуратов Бауыржан Самалбекович - «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысының міндетін атқарушы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ордабеков Балтабай – Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі.
2. «Сырдария аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ бөлімнің мамандары Абдибеков Данияр, Мырхиев Ерлан, Байменов Нұрлыбек.
3. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы Исмагулов Жасұлан
4. Кент тұрғындары
5. Бөлімше қызметкерлері

Күн тәртібінде:

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі ауыз су пайдаланушылар алдында су құбыры арқылы су тарату қызметінің 2026 жылы атқарылған жұмыстардың есебін беру.

Баяндамашы бөлімше басшысы Б.С.Жумамуратов.

Тыңдалды:

«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің Тереңөзек кенті және 13 елді мекендегі халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қызмет жасап келеді. Өндірістік бөлімшесінде 19 су кешені бар. Онда 33 ұңғыма, 16 су жинайтын қойма (резервуар), 19 су мұнарасы, 222 өрт сөндіру гидранты,

ауыз су тарату құбырының ұзындығы 238 317 метр және 2790 құдығы бар. Сырдария ауданы бойынша 32 дана ұңғымамен ауыз су өндіріліп, 9 дана II-су көтеру насос станциялары мен 11 дана ауыз су мұнарасы арқылы халыққа 24 сағат ауыз су үздіксіз берілуде.

Тереңөзек кенті және 13 елді мекендердегі ауыз суды тұтыну әр ай сайын су есептегіш құралдарының көрсеткіштері арқылы журналға тіркеліп, обылысқа филиал диспетчеріне беріліп отырады.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық насос станцияларында хлоратор қондырғысы орнатылған. Тереңөзек кенті мен 13 елді мекендердегі ауыз су қоймалары, ауыз су мұнаралары мен ауыз су құбырларына көктем және күз айларында жылына 2 рет тазалау, жуу, дезинфекциялау, залалсыздандыру және кварталдық сынамалар алынып, ауыз су сапасының санитарлық-химиялық және бактериологиялық сараптамасын алу жұмыстарын 2026 жылы ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ҚОБФ-ң Сырдария аудандық бөлімшесінің зертхана мекемесінің қызметкерлері мониторинг жұмыстары жүргізіліп, су сынамаларын алып нәтижесін тексеріп хаттамаларын әзірлеп тығыз жұмыс жүргізіліп отырады.

2026 жылға бекітілген жоспарды алдын – ала жөндеу жұмыстарына сәйкес Тереңөзек кенті және 13 елді – мекен бойынша 2026 жылы насос станцияларындағы ішкі құрыш құбырларындағы, камера, көру құдықтарындағы ашып-жабу реттегіш арматураларына күтім жасалып, іштерін тазалау жұмыстары жүргізілді. Маусым айында II-ші су көтеру насос станцияларына, №1 және №2 ұңғыма (скважина) ғимараттарына, кіреберіс (проходная) ішкі-сыртқы қабырғаларына, ішкі құрыш құбырларына және өрт қалқандарына (пожарный щит) жоспарлы жұмысқа сәйкес ағымдағы жөндеу, сырлау, бояу, әктеу жұмыстары жүргізілді.

Кәзіргі таңда Аманкелды ауылындағы 1000 текше метрді құрайтын жер асты су қоймасын (резервуар) жуу, дезинфекциялау, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуге, К насостарын қосуға және де насос стансасы ауласындағы көру құдықтары мен камера арқылы өтетін құрыш құбырларын қосу, дәнекерлеу жұмыстары жүргізілуде. Сакен Сейфуллин ауылындағы II-ші насос стансасы ішкі құрыш құбырлары мен жаңа К насосын дәнекерлеу жұмыстары жоспарда күтілуде.

Орталық қоймадан 2 дана ашып-жабу реттегіш арматуралары, 1 дана д-150мм, 1 дана д-100мм мен 2 дана д-80мм кері қайтпа клапандары және К насостарды күтім жасау үшін 308, 306 мойынтрактер (подшипник) беріліп орнатылды. Кент және елді мекендердегі насос стансаларындағы ұңғымалар мен II-ші су көтеру насос станцияларына жаңадан 1 дана ЭЦВ 8-25-100, 1 дана ЭЦВ 6-10-110, 2 дана ЭЦВ 6-16-110, 1 дана К 45-30 7,5кВт насос қондырғысын беріліп үздіксіз халыққа ауыз су берілуде.

Нағи Илиясов елді мекенінде 250 текше метрді құрайтын жер асты су қоймасы апаттық жағдай кешуіне байланысты, іске шұғыл түрде 25 текше метрлік ауыз су мұнарасын жуу, дезинфекциялау, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізіліп, қазіргі таңда халыққа үздіксіз ауыз су берілуде.

Нағи Илиясов пен Сакен Сейфуллин елді мекендеріндегі ұңғымаларға филиалдан арнайы құралдары мен гидрогеолог маманы кеп тазалау (откачка) жұмыстары жүргізіліп ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ҚОБФ-ң Сырдария аудандық бөлімшесінің зертхана мекемесінің

қызметкерлері мен сынама жұмыстары алынып, хаттама қортындылары күтілуде.

Кәріз жүйесі бойынша

Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде орналасқан сарқынды суларды тастау насос станциясы 2013 жылы салынып, Эксплуатацияға (пайдалануға) 2015 жылы берілген.

Кәріз жүйесі нысандары 2018 жылдың мамыр айынан бастап «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының теңгеріміне берілген.

2024 жылы «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр суы» филиалы мекемесінің атауы өзгерді.

Тереңөзек кентінде кәріз жүйелерінен аққан суларды айдайтын 5 кәріз насос станциялары (КНС) және биологиялық тазалау ғимараты орналасқан.

Қазіргі таңда Тереңөзек кенті бойынша сарқынды суларды тастайтын 5 кәріз насос станциясы (КНС) жұмыс атқарып тұр.

Тереңөзек кентінде қолданыстағы кәріз жүйесінің жалпы ұзындығы 15 шақырымды құрайды.

Оның ішінде өздігінен ағатын кәріз жүйесі 5 шақырым және 10 шақырым қысымдық кәріз жүйесі пайдаланылып келеді.

Кәріз жүйесінің бойында 145 дана көру құдықтары бар.

Жалпы Тереңөзек кентінде 41 көпқабатты тұрғын үйлердің жүйесіне қосылған.

Қазіргі таңда кент бойынша 15 бюджеттік мекемелер мен 5 кәсіпкерлік субъектілері қосылған.

Жеке тұлға бойынша сарқынды су (КНС) қызметін пайдаланатын 329 үй бар. Жеке тұрғын үйлерді қосу жұмыстары тұрғындардың өтініштеріне сәйкес жүргізілуде.

2026 жылға бекітілген жоспарды алдын – ала жөндеу жұмыстарына сәйкес Тереңөзек кенті №1,2,3,4,5-ші кәріз насос станцияларына (КНС) ішкі құрыш құбырларына, ашып-жабу реттегіш арматураларына күтім жасалып, ішкі және сыртқы қабырғаларына тазалау, сырлау, бояу, әктеу жұмыстары жүргізілді.

Тереңөзек кенті №1,2,3,4,5-ші кәріз насос станцияларында (КНС) орнатылған СМ насос қодырғыларына күтім жасау жұмыстары жүргізіліп, 309 мойынтректер (подшипник) беріліп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, №1,4,5-ші КНС-ге жаңа СМ насос қодырғылары орнатылып, №2,3-ші КНС-ге кезен кезенімен орнатылуда. Аудан бойынша кәріз жүйесіне қатысты 2026 жылдың 6 айлығында жалпы 10 апаттық жағдай орын алып, қайта қалыпқа келтірілді.

Жалпы АВАРИЯ

Аудан бойынша 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында жалпы 67 апаттық жағдай тіркеліп, қайта қалыпқа келтіру жұмыстары атқарылды.

Сырдария өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша абонент бөлімінің атқарылған жұмыстары.

Сырдария өндірістік бөлімшесі 2026 жылдың қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша 733 712 текше метр су көлемі өндіріліп таратылды. 2026 жылдың қаңтар-маусым айларына бекітілген жоспар бойынша халыққа 346 096 текше метр қаралса, халықтың тұтынған ауыз су көлемі 348 701 текше метр, одан түскен қаражат 21 219 592 теңге жиналды, оның ішінде толық тарифпен жиналғаны 3 854 541 теңгені құрады.

Бюджеттік мекемелер бойынша тұтынған ауыз су көлемі 24 848 текше метр, түскен қаражаты 10 910 765 теңгені құрап тұр, қарызы жоқ. Заңды мекемелердің пайдаланған су көлемі 7203 текше метр, түскен қаражаты 3 547 989 теңгені құрады, қарызы жоқ.

Жалпы аудан бойынша қаңтар-маусым айларында ауыз судан түскен қаражат 35 678 347 теңгені құрады. Аудан бойынша ауыз су тұтынушылар саны, жеке тұлғалар 8233 абонент, 7892 абонент су есептегіш құралы орнатылған.

Оның ішінде Тереңөзек кентінде – 319 абонент, Шаған елді мекенінде – 13 абонент, Шіркейлі елді мекенінде - 9 абонент, барлығы аудан бойынша 341 абонент су есептегіш құралсыз ауыз су пайдаланып отыр.

Өрт сөндіру гидранты туралы мәлімет

Сырдария ауданы бойынша өндірістік бөлімшеге қарасты 222 өрт сөндіру гидранты орналасқан. Бүгінгі күнге аталған ӨСГ-нің 7 данасы жарамсыз.

2026 жылға Сырдария ауданы бойынша 12 ӨСГ күрделі жөндеуден өтіп орнатылса, 5 дана ӨСГ жаңадан салынды.

Электр энергиясы туралы мәліметтер

Тереңөзек кентіне қарасты №3 насосный станция және Іңкәрдария, Сейфуллин, Шіркейлі, Бесарық, Жетікөл, А.Токмағанбетов елді мекендерінде су тарату жүйесінде II су көтеру насос станциясына частотник электр қондырғысы жаңадан орнатылды. С.Сейфуллин және А.Токмағанбетов елді мекендеріне К-65-50-160 электр насосы орталық қоймадан алынып салынды. Тереңөзек кенті №3 насосный станциясына К-80-50-200 15кВт және Шаған елді мекеніне К-100-80-160 15кВт электр насостар орталық қоймадан алынды. Сырдария ауданына қарасты елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелеріндегі ұңғыманың электр қондырғылары істен шыққан жағдайда тез арада қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Тереңөзек кентінде өндірістік бөлімшеге қарасты КТПН10/0,4кВ қосалқы трансформаторлардың есіктерін майлау және дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Сырдария ауданына қарасты сумен жабдықтау жүйесінде ішкі және сыртқы жарықтандыру және техникалық ақауларды дер кезінде іске қосу жұмыстары жүргізілді. Қыс мезгіліне дайындық барысында жылу беретін ПЭТ-4 маркалы пetchтер тексерілді.

Механизация бөлімі бойынша

2025 жылы Филиал тарапынан өндірістік бөлімшеге жаңадан қосымша арнайы техникалармен қамтамасыз етілді.

Атап айтқанда Ловол 845 тракторы-тележкасымен, Донфенг жүк тасығыш және Камаз Экскаватор арнайы автокөліктері қызмет атқаруда. Сонымен қатар 2026 жылдың 15 маусымда Филиалдан Камаз манипулятор арнайы автокөлігі қолданысқа берілді. Камаз ассенизаторы, Беларус тракторы өндірістік қолданыста жұмыс жасауда. Кент және 13 елді мекен бойынша барлығы 12 ДЭС (дизельный электр станция) қамтасыз етілген.

Сұрақ қойғандар:

1. Тереңөзек кентінің тұрғыны - Ауыз суларыңыздың құрамы таза емес, насос қондырғыларыңыздың жұмыс жасауы дұрыс емес, су хлорланбайды, фильтр салу керек.
2. Тереңөзек кентінің тұрғыны -Бөлімшенің базасы жөнінде ақпарат оның ішінде 14 елді мекенге бірлесе жұмыс істеуге қамтамасыз етуге жеткіліктіме?
3. Тереңөзек кентінің тұрғыны - Су мұнараларының тозу көрсеткіші қандай деңгейде?
4. Тереңөзек кентінің тұрғыны - 2026 жылдың II-ші жарты жылдығына есеп беруге қандай жоспарлар бар?
5. Тереңөзек кентінің тұрғыны-Су мұнаралар ауыз сумен қамтамасыз ету нысандарын жаңалауға және де қаржыландыру көзі қалай болды?

Қорытынды:

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалы директордың кеңесшісі Абибуллаев Бауыржан Абдуллаевич. 2026 жылы атқарылған жұмыстарды жақсы бағалап, алдағы уақытта да халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында бірқатар маңызды істер атқарылып, осы бағытта бірлесе тығыз жұмыстар жасау қажет екендігін тапсырды.

Тыңдаудың төрағасы:

Б.Абибуллаев

Хатшы:

А.Шарапи

**“Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін
пайдаланушы” өндірістік бөлімшесінің есеп беру жиналысы**

ХАТТАМАСЫ №4

Қызылорда қаласы

31 шілде 2026 жыл

Жиналыс төрағасы

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының директорының
орынбасары Б. Бакишев

Жиналыс хатшысы

«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін
пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы А. Жарылқаған

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. А. Алмуратов- «Сыр суы» филиалы «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімше басшысының орынбасары.
2. С. Әбдіреев -Ақжарма ауылдық округі әкімі
3. Ғ. Ерназаров-Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы.
4. Н. Садирбаев- Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы.
5. Ұ. Жұмабекова –Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы.
6. Г.Баекешова - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі
7. Г.Қаймақбаева - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің, Махамбет ауылы инспектор бақылаушысы
8. А.Дарменова- «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің, Белкөл кентінің инспектор бақылаушысы.
9. Ақсуат елді мекені тұрғындары
10. Қарауылтөбе елді мекен тұрғыны
11. Е.Боданов - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің машинисті
12. А.Кескіров - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің машинисті

Күн тәртібінде:

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының директорының
орынбасары Б. Бакишев жиынды ашып, сөз кезегін баяндамашыларға берді.

Баяндамашы: «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бастығы- А. Жарылқаған

«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі Қызылорда қаласына қарасты кенттер мен ауылдық округтерді ауыз сумен қамтамасыз ету және сарқынды суды бұру қызметін көрсетеді.

Атап айтқанда Белкөл, Белкөл-2 , Бірқазан, Ж.Махамбетов, Наурыз,Абай, Досан, Қарауылтөбе, Қараөзек, Айнакөл, Баймұрат батыр, Талдыарал, Талсуат, Иіркөл елді, Қараөзек, Талсуат елді мекені маңында орналасқан «Оңалту орталықтары», Талдыарал елді мекені маңында орналасқан «Қазақ республикалық лепрозориі» ММ-сі.

Өндірістік бөлімшеде қызметкерлер мен жұмысшылардың жалпы саны 98 адам, оның ішінде 55 адам насостық станция машинисті, 16 адам инспектор-бақылаушы, 5 адам апаттық бригада тобында, 22 адам негізгі құрамда.

Өндірістік бөлімшеге қарасты кенттер мен елді мекендерде ауыз су тұтынатын халық саны 35 950 адам, 6 888 абонент. Заңды тұлғалар бойынша 180 мекеме, оның ішінде 49 бюджеттік мекеме, 131 өзге мекемелер.

Сарқынды суды бұру қызметін пайдаланатын халық саны 1 591 адам, 385 абонент. Заңды тұлғалар бойынша 18 мекеме, оның ішінде 12 бюджеттік мекеме, 6 өзге мекемелер.

Филиал теңгеріміне рәсімделіп, өндірістік бөлімше пайдалануында 26 дана ұңғыма, 9 дана II-ші су көтеру насос станциясы, 107,8 шақырым ауыз су құбыры, сонымен қатар 3 дана кәріз насос станциясы, 2,9 шақырым өздігінен ағатын кәріз жүйесі (самотечная), 18,6 шақырым қысымдық кәріз жүйесі бар.

Жоғарыда аталғандай, келісім шарт негізінде 180 заңды тұлға және 6 888 жеке тұлғаға қызмет көрсетілуде.

Қазіргі таңда, 1-текше метр ауыз судың бағасы 744,01 теңге.

1-текше метр сарқынды суды бұру қызметі заңды тұлғалар үшін 542,56 теңге, жеке тұлғалар үшін 146,31 теңгені құрайды.

2026 жылдың I жарты жылдық қорытындысы бойынша 443 977, 00 текше метр ауыз су өндіріліп, 425 046,00 текше метр ауыз су тұтынушыларға таратылды (су шығыны 20 886,00 м³)

Таратылған ауыз судан түскен қаражаты 64 201 916,92 теңге болса, сарқынды бұру қызметінен 16 716 237,34 теңге қаражатты құрайды.

Өзге қызмет түрлері бойынша келісім шарт негізінде «техникалық қызмет көрсетуден» түскен қаражат есебі.

-жеке тұлға 1414 келісім шарт 3 535 000,00 тг. (қызмет бағасы-2500тг.)

-заңды тұлға 3 келісім шарт 13 200,00 теңге. (қызмет бағасы-4400тг.)

Басқа да қызмет түрлерінен 1 112 850,00 теңге қаражат түсіп жалпы соммасы 4 661 050,00 теңгені құрады.

2026 жылдың I жарты жылдығында су шаруашылығы қызметкерлердің айлық жалақысы 30%-ға дейін көбейді.

9 шілде Су шаруашылығы күніне орай су қызметкерлеріне сыйақы берілді.

Өндірістік бөлімше теңгерімінде жалпы саны 3 дана арнайы техника (Газель NEXТ6 JCB Экскаватор, Камаз-53605 ассенизатор), 2 дана жеңіл

автокөлік (Daimler Benz C-180, Шевролет нива), 1 дана Газель-330232 (фермер) бар.

Жарты жылдық қорытынды бойынша жоғарыда көрсетілген арнайы техникалар мен автокөліктерді пайдалану барысында 4 583 684,2 теңге жанар жағар майға 273 555,00 теңге қаражат қосалқы бөлшектерге жұмсалды.

2026 жылдың жарты жылдық қорытындысы бойынша тұтынылған электр энергиясы үшін 28 660 668,00 теңге, электр тауарларға 244 185,00 теңге қаражат жұмсалды.

Тұтынушыларды тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, ауыз су нысандарына уақытылы техникалық күтім жасап және орын алған апаттық жағдайды қайта қалпына келтіруге авариялық бригада жасақталған.

2026 жылдың I жарты жылдығында өндірістік бөлімшеге қарасты нысандарда 316 апаттық жағдай орын алып дер кезінде қайта қалпына келтірілді. Оның ішінде 125 апаттық жағдай ауыз су жүйесі бойында, 95 апаттық жағдай КНС мен кәріз жүйесі бойында, қалған 172 апаттық жағдай ұңғыманың істен шығуы, насостық станцияда, электр желісінде орын алған. Орын алған апаттық жағдай салдарынан 6 627 текше метр су шығыны тіркелді.

Барлық нысандарда санитарлық талаптар толықтай сақталып, оң нәтижелі санитарлық (СЭС) қорытындылары алынды. Ұлттық Сараптама орталығымен келісім шартқа сәйкес, су сынамаларына зертханалық талдау жұмыстары уақытылы жүргізілуде. Бекітілген кестеге сәйкес, көктем және күз мезгілдерінде ауыз су жүйесін жуу-шаю залалсыздандыру жұмыстары атқарылып келеді.

Жоспарланған жұмыстарға сәйкес төтенше жағдайлар қызметімен бірлесіп өрт сөндіру гидранттарын тексеру жұмыстары атқарылды. Тексеру нәтижесіне сәйкес өрт гидранттарына ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылып, қажеттілігіне қарай бірнеше өрт гидранты жаңадан ауыстырылды.

Сондай-ақ Наурыз елді мекеніндегі ауыз су станциясының ауласында орналасқан 2-ші насосный (халыққа тарату насосы) шатырынан су кеткен болатын. Алайда 2026 жылдың бірінші жарты жылдығында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ақжарма елді мекені насос станциясын ескі тоқ линиясынан жаңа тоқ линиясына ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Осыған ұқсас, Талсуат емхана насос станциясына насос электр щитіне жаңбыр, жел апаттарынан қорғайтын бастырма (навес) салынды.

Кент, елді мекендеріндегі ауыз су жүйесі бойында орнатылған көру құдықтарының тозығы жеткен фасондық бөліктері кезең-кезеңімен қайта жаңғыртылуда. Қазіргі таңда 11 дана көру құдығының фасондық бөлігі өз күшімізбен толықтай қайта жаңғыртылды. Аталған жұмыс түрі алдағы уақытта да атқарылатын болады.

Кенттермен, ауылдық округтердегі ауыз су жүйесі бойында орнатылған көру құдықтарының қақпақтары (люк) ұрлану, сыну фактілеріне байланысты темір-бетонды қақпақтар қолдан жасалып, көру құдықтарының беті жабылып келеді.

Көктем және күз мезгілдерінде ауыз су жүйесін жуу-шаю залалсыздандыру жұмыстарына, алдын-ала жөндеу жұмыстарына, апаттық жағдайларды қайта қалпына келтіру жұмыстарына қажетті шикізат-материал және химиялық реагенттер сатып алуға 701 476,00 теңге қаражат жұмсалды.

Өңірлік даму 2020 бағдарламасы аясында жаңадан салынған нысандардың басым бөлігі уақытша қолданысқа енгізілді. Атап айтар болсақ қазіргі таңда, нақты жағдай бойынша Белкөл-2 кентінде , Бірқазан, Ж. Махамбетов Досан, Қарауылтөбе, Қараөзек елді мекенінде ауыз су нысандары қолданыста. Ауыл ішілік ауыз су жүйелері бойынша Белкөл , Ж. Махамбетов, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерде сонымен қатар Қараөзек станциясында жаңадан бой көтерген ауыз су нысандары (водозабор) қолданыста. Ауыл ішілік ауыз су жүйелері бойынша Белкөл кентінде, Бірқазан, Ж. Махамбетов, Досан, Қарауылтөбе, Баймұрат батыр, Талдыарал, Талсуат елді мекендерінде, Қараөзек станциясында жалпы ұзындығы 110 шақырымнан асатын ауыз су жүйесі жұмыс жасап келеді.

Елді мекендердің су жүйесіндегі болатын ақаулар орын алған жағдайда апаттық бригада дереу және қарқынды түрде қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі таңда мекемеге қарасты елді мекендер тұрғындарына сапалы ауыз су және сарқынды су беру қызметі тоқтаусыз жұмыс жасауда.

Есеп беруден кейін, комплаенс-офицері Н. Адикенов облысты аяқ сумен қамтамасыз ететін «Қазсушар» РМК Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры, бірнеше басшылық және жеке құрамның қызметкерлері мемлекеттік қаражатты жымқыру күдігімен қамауға алынып тергеу амалдары жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Осыған орай, филиал бөлім басшыларына жұмыс барысында және одан тыс кезде сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыратын әрекеттерге жол бермеу, жеке мүддесі үшін лауазымдық қызметін асыра пайдаланбау, жұмысқа себепсіз шықпау, құмар ойындары, спирттік ішімдіктер және есірткі заттарынан аулақ болу, этиканы сақтау, қызметке қатысы жоқ шындыққа жанаспайтын филиал беделін түсіретін өсек ерме әңгімелер таратпауды қатаң ескертіп, жұмысты заң аясында тиянақты, жоспарларға сай уақытылы және сапалы орындауды жеткізді.

Қорытынды:

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2026 жылдың I жарты жылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген

баға берілді. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10:00ден-10:30- ға дейін..

Жиналыс төрағасы

Б. Бакишев

Жиналыс хатшысы

А. Жарылқаған

